Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 36 (1299)

18.09.2026

@ alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

БАЛАЛАР КӨЗ ДӘРІГЕРІНЕ ШІЛДЕ АЙЫНАН БЕРІ КІРЕ АЛМАЙ ЖҮРМІН. НЕГЕ?

Жетісу облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асқар Маратұлы Садықовтың назарына!



Редакциямызға келіп шағымданған көпбалалы ана (аты-жөні редакцияда), шілде айынан бері Талдықорған балалар емханасындағы көз дәрігеріне екі көзінде де қитарлық бар баласын көрсете алмай жүргенін айтты. Әңгіме төркінін бағдарлағанда түсінгеніміз, баланың көз кемістігін шілде айының басында туысқандарына қонаққа барған кезде Алматының окулистеріне көрсеткен. Олар тұрғылықты жердегі балалардың окулист дәрігеріне қаралуға кеңес берген. Ол жерде қитарлықты түзейтін аппарат бар, жергілікті дәрігер көмектеседі дегенді айтқан. Міне, содан бері Талдықорғандағы Шевченко мен Гаухар ана көшелері қиылысында орналасқан балалар емханасындағы балалар көз дәрігеріне қаралу мұң болды, – дейді ана.

БАЛАЛАР ОКУЛИСІ ОТПУСКІДЕ ЕКЕН...

Шілде айының ортасында Талдықорған қалалық балалар емханасына барып тіркеу бөлімінен балалар окулисіне қабылдау ережесі қандай, қабылдауына қалай кіреміз – алдын ала жазылamыз ба әлде талон аламыз ба немесе кезекпен кіреміз бе көз дәрігеріне? – деген сұрақтарға алған жауабым: Балалар көз дәрігері қазір отпускіде, бір айдан кейін келеді, мына телефондар арқылы көз дәрігерінің жұмысқа шыққан-шықпағанын анықтап білген соң келесіз қабылдауға. Ешқандай жазылу жоқ алдын ала, кезекпен кіре бересіз, – деп тілдей қағазға тіркеу бөлімінің екі телефон номерін жазып берді. "Рахмет!" – деп қағазын алып, тамыз айының ортасында звондасам: - Көз дәрігері әлі жұмысқа шыққан жоқ, ол екі ай демалады екен, өйткені отпуск алмаған екі жылдың күндерін пайдалануда, енді қыркүйек айында хабарласыңыз, - деді тіркеу бөліміндегі қыздар.

Оған не деймін, «жарайды, күтелік, мектепке дейін баланың көзін қаратып алайын деген ойым орындалмады» - деп, енді қыркүйекті күтуге тура келді.

Екі айдың ішінде - шілде мен тамызда «Көксумед» деген көз ауруларын емдейтін ақылы клиника бар екен, соған да барып жолымыз болмады. Біресе анаусы жоқ, біресе «кешігіп қалдыңыз, қабылдау уақыты аяқталды, келесі аптада келіңіз» - деп берген талоны бойынша барсақ, ол жерде де естігеніміз қырық сылтау болды. Ақша төлеп талон алсаң да сылтауы көп екен. Бас дәрігерімен де жолығудың сәті түспеді, операцияда екен.

ҚЫРКҮЙЕКТЕ БАЛАЛАР ОКУЛИСІ ЖҰМЫСҚА ШЫҚТЫ...

Бірақ, «ураааа» деуге әлі ертерек екен. 1-ші қыркүйекте оқу басталатыны белгілі, қитар балам сабаққа барып жүр ... Алматылық көз дәрігері «балаңызға секіруге болмайды, көзінің ақаулығы себебінен. Мектепте денешынықтыру сабағынан босатылады жергілікті окулисттің дерегі бойынша. Учаскелік терапевт денешынықтыру сабағынан босататын анықтама жазып береді» – деп еді... Қайдағы!? Учаскелік дәрігердің анықтамасы көз дәрігерінің берген нұсқауы негізінде жазылу керек болса, не дейсіз? Денешынықтыруға барып жүрміз... Ал балалар көз дәрігерінің қабылдауына деген жаңа әурешіліктер басталды...

Екі жасқа толған кіші баламды профилактикалық тексеруден өткізу үшін учаскелік дәрігеріміздің қаралуға барғанда көз дәрігеріне қаралу тәртібін сұрап, егер учаскелік дәрігер арқылы қаралу керек болса көз дәрігеріне жолдайсыз ба, әлде кезекпен кіре береміз бе ?- деп жаздайғы басымнан өткенді айтып бердім.

Учаскелік дәрігерім: - Жоқ, қазір талон системасы қайтадан орнап жатыр, сондықтан тек учаскелік дәрігер берген талонмен ғана кіресіз көз дәрігеріне. Қазір окулист жұмысқа шықты, бір учаскеден бір аптада тек 2-ақ адамға талон береміз, ол талондар беріліп кетті, сіз келесі аптада келіңіз талонға, көз дәрігері графикпен жұмыс істеп, талонмен қабылдайды. Адам кезегі көп талонға, қарап көрейік, – деді.

Мен ойланып қалдым. Ашуландым. "Ауру көп болса, әр учаскелік дәрігер әр аптаға екіақ талон беріп отыратын болса, учаскелердің саны қанша екен? 15-тен кем болмаса бір ауысымда ең кемі 20-30 бала қабылдайтын шығар окулист дәрігер. Мен қашан жетем ол талонға? Екі жарым ай күткенім бекер болғаны ма? Көзінің ақауы бар ауруды окулистке неге учаскелік терапевт дәрігер жіберуі керек? Окулистке неге кезекпен кірмейміз?" Менің эмоциямның көтеріліп кеткені соншалық учаскелік дәрігерім балалардың окулист дәрігеріне балалар емханасының меңгерушісі арқылы кіргізетініне сендірді...

Редакциядан: Білуімізше, тамыз айының басында Қазақстанда емханалардың жұмыс істеу ережелері жаңартылды. Мысалы, енді бейінді мамандарға учаскелік дәрігердің жолдамасынсыз-ақ баруға болады деген пікірлерді естідік, оқыдық. Әлеуметтік желілерде жалпы практикалық дәрігерге (ЖПД - учаскелік дәрігер) бармай-ақ, бейінді маманға бара алатыны туралы айтылып жатыр. Сол тізімнің ішіндегі бірнеше түрлі аурулар арасында офтальмологиялық және отоларингологиялық жарақаттар, шұғыл және жоспарлы стоматологиялық жағдайлар көрсетілген Tengri Health сайтында (18 тамыз 2026 жыл.) Соған қарамастан аурулар бейінді мамандардың қабылдауына тікелей жазыла алмай келеді. Бұл жағдай бізде – балалар емханасында өзгере ме, жоқ па, қалай?

«Алатау»-ақпарат

ЖУРНАЛИСТ ҚАЖЕТ!

«Алатау» газетіне қазақ тілінде сауатты әрі сапалы материал жаза алатын журналист қажет.
Журналистика саласына қызығушылығы бар, ел ішіндегі жаңалықтарды, өзекті мәселелерді көтеріп, мазмұнды мақала жаза алатын азаматтарды жұмысқа шақырамыз.
Байланыс телефоны: +7 701 140 7573

БАСПАСӨЗ - 2026

Жазылу бағасы:

редакция арқылы
6 айға – 2 106 теңге.

«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға
6 айға – 3 275,48 теңге.

«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға
6 айға – 4 462,64 теңге.

Цена подписки:

через редакцию
на 6 месяцев – 2 106 тенге.

через «Казпочту» для физических лиц
на 6 месяцев – 3 275,48 тенге.

через «Казпочту» для юридических лиц
на 6 месяцев – 4 462,64 тенге.



Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: **15534** Подписной индекс для других регионов РК: **65534**

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 36 (1299) 18.09.2026 Алатау

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

МАЛ ҰРЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ 9 ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОП ӘШКЕРЕЛЕНДІ

Жетісу облысында мал ұрлығының алдын алу және оның жолын кесу бағытындағы жұмыстар күшейтілді. Жыл басынан бері полиция қызметкерлері жүргізген кешенді жедел-іздестіру іс-шараларының нәтижесінде мал ұрлығымен айналысқан 9 қылмыстық топтың қызметі әшкереленді, 29 күдікті ұсталды, – деп хабарлайды ....

8 ай ішінде облыс аумағында 62 мал ұрлығы тіркелді. Қылмыстардың ашылу деңгейі 84,5 пайызды құрады. Тіркелген фактілер бойынша барлығы 584 бас мал ұрланса, оның 173 басы ірі қара, 299 бас ұсақ мал және 112 бас жылқы бар. Қабылданған жедел шаралардың нәтижесінде 352 бас мал иелеріне қайтарылды.Полицияның айтуынша мал ұрлығының негізгі себептерінің бірі – төрт түліктің жайылымда қараусыз қалуы.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА «ШЕП-2026» ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ БАСТАЛДЫ

Жетісу өңірінде Орталық Азия елдері әскерлерінің «Шеп-2026» бірлескен оқу-жаттығуы басталды – деп хабарлайды 24.kz сайты.

Мақсаты – Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан сарбаздарының әскери даярлығын пысықтау. Жылда өтетін оқу-жаттығу биыл қыркүйектің 13-18 аралығына белгіленген. Оған 1500-ге жуық әскери қызметші, 300-ден астам қару-жарақ, әскери және арнайы техника, оның ішінде 115 ұшқышсыз ұшу аппараты тартылған. Айта кетерлігі, әскери іс-қимылдар таулы-шөлейт жерлердің ерекшелігін ескере отырып жүргізіледі. Қазақстанның Шекара қызметі мен Ұлттық ұланы бөлімшелерімен өзара іс-қимылына да баса назар аударылады. Бірлескен іс-қимылға ҚР Қарулы күштері Десанттық-шабуылдау әскерлерінің қолбасшысы Мақсұт Гусейнов басшылық етеді.

АЛМАТЫДА ӨТЕТІН МАРАФОНҒА 60 ЕЛДЕН ЖЕЛАЯҚТАР КЕЛЕДІ

АСТАНА. KAZINFORM — Алматыда 27 қыркүйекте мерейтойлық Almaty Marathon өтеді. Сайысқа 60-тан астам елден 16 мың қатысушы қатысады.

Биылғы марафонның арнайы қонағы 2018 жылы Бостон марафонында жеңіске жеткен жапониялық танымал жүгіруші Юки Каваучи. Қазақстанға алғаш рет келетін спортшы Алматыда 42,2 шақырымдық марафон қашықтығын жүгіріп өтеді. Мерейтойлық жарысқа орай барлық қашықтықтың бағыттары жаңартылды. Биыл алғаш рет марафоншылар 42,2 шақырымдық қашықтықты бір айналыммен өтеді. Жарыс Абай алаңынан басталып, Республика алаңында мәресіне жетеді. Қазір 42,2 және 21,1 шақырымдық қашықтықтарға тіркелу жалғасып жатыр. Қатысуға ниеттілер марафонның ресми сайты арқылы өтінім бере алады.

ДИПЛОМДЫ ОҚЫМАЙ-АҚ АЛУШЫЛАР БАР

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі және ҚР Ішкі істер министрлігі жалған дипломдарды дайындау және сату фактілерін тұрақты түрде бақылап, тоқтатып отырады. ҚР Қылмыстық кодексінің 385-бабына сәйкес жалған құжаттарды жасау немесе қолдану айыппұл салуға, түзеу жұмыстарына немесе екі жылға дейін бас бостандығын шектеу не айыруға әкеп соғады. «Бүгінгі таңда 46 жалған диплом және оларды заңсыз дайындаумен айналысқан 20 интернет-ресурс анықталды. Материалдар ІІМ мен МАМ-ға жолданды», - деді Ғылым және жоғары білім министрлігінің баспасөз қызметі. Жұмыс берушілер дипломның түпнұсқалығын https://epvo.kz сервисі арқылы тексере алады. Дипломның электрондық нұсқасы электрондық үкіметтің («Цифрлық құжаттар») мобильді қосымшасында да қолжетімді.

ЭКС-БАНКИР ЖОМАРТ ЕРТАЕВ БОСТАНДЫҚҚА ШЫҒАТЫН УАҚЫТ

16 қыркүйекте бұрынғы банкир Жомарт Ертаевтың бас бостандығынан айыру мерзімі аяқталды. Ол тоғыз жыл түрмеде отырғаннан кейін бостандыққа шықты, деп хабарлайды Ulysmedia.kz.

2020 жылы сот Ертаевты Bank RBK-дан 144 млрд. теңге жымқырды деп танып, 11 жылға бас бостандығынан айырған. Кейін жаза мерзімі тоғыз жылға қысқартылды. Ертаев 2018 жылы ұсталғанын ескерсек, оның жазасын өтеу мерзімі дәл қазір аяқталды. 2025 жылдың күзінде Ертаев мерзімінен бұрын бостандыққа шығуға әрекет жасаған. Алайда құқық қорғаушылардың наразылығынан кейін Ертаев қайта ұсталып, колонияға қайтарылды. Бұл жолы оның босатылуына кедергі жоқ. Жаза мерзімі толық өтелді. Bank RBK ісі Қазақстандағы ең ірі банк жанжалдарының біріне айналды. Ертаевпен бірге тағы 35 адам сотталды. Іс 700 томнан және 46 эпизодтан тұрды.

КАМЕРАЛАР КӨЛІККЕ ОТЫРҒАН МАС АДАМДЫ ТІРКЕГЕН

Жетісу облысында полиция мас күйінде көлік басқарған жүргізушіні анықтады. Полиция департаментінің Жедел басқару орталығының қызметкерлері қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау камераларына тұрақты түрде мониторинг жүргізеді - деп хабарлады облыстық Полиция департаментінің деректеріне сүйенген BAQkz.

Таңғы 5-те көлікке отырған адамды Көксу ауданы камералары бейнелеген. Медициналық куәландыру нәтижесінде жүргізушінің алкогольдік масаң күйде болғаны анықталды. Автокөлік арнайы тұраққа қойылды. Сот шешімімен жүргізуші 15 тәулікке әкімшілік қамауға алынып, 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылды.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

ҚҰРЫЛТАЙ ЖАНЫНАН ҚОҒАМДЫҚ ПАЛАТА ҚҰРЫЛДЫ



Құрылтай отырысында бірінші шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Құрылтайының жанынан Қоғамдық палата құру туралы шешім қабылданды, деп хабарлайды Astana TV.

Қоғамдық палата құрамына 50 адам енгізу көзделіп отыр. Палатаның негізгі міндеттерінің бірі – заң жобаларын «нөлдік оқылым» сатысында қоғамдық және сараптамалық зерделеу. Қоғамдық палата алаңында еліміздің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелері де талқыланады. Алдағы уақытта Құрылтай Бюросы Қоғамдық палата туралы ережені бекітіп, оның құрамын айқындауға және басшылық лауазымдарға тағайындау жүргізуге тиіс.

ШАРУАЛАРҒА 5%-ДЫҚ НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ



Шаруаларға арналған «Кең дала 2» бағдарламасына өтінімдер 1 қазанда басталады. Несие мөлшерлемесі жылдық 5% болады деп хабарлайды Kursiv.media.

Бағдарлама аясындағы қаржыландыруды Аграрлық несие корпорациясы жүзеге асырады. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер алған қаражатты жаңа маусымға дайындыққа, соның ішінде қажетті ресурстарды сатып алуға, техниканы жөндеуге және негізгі шығындарды жоспарлауға пайдалана алады. Бағдарлама бойынша берілетін қаржы көлемі де өсіп келеді. Шаруалар бағдарлама аясындағы қаржыландыруға екінші деңгейдегі банктер; кредиттік серіктестіктер; әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалдары арқылы тікелей алуға болады.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ БАҚЫЛАУДЫ КҮШЕЙТУ



Біріккен Ұлттар Ұйымы «ақылды» жасанды интеллект жүйелерін жасамас бұрын, оның ережелерін шұғыл түрде келісіп алуды ұсынып отыр. Адам құқықтары жөніндегі бас басшы Фолькер Тюрк «Егер ол адамның бақылауынан шығып, өзін өшіруге жол бермейтін дәрежеге жетсе, бұл бүкіл адамзатқа үлкен қауіп төндіретінін ескертеді». Таяу күндері ол бұл мәселені ірі IT-компаниялармен талқылауды жоспарлап отыр, деп хабарлайды Kursiv.Media.

Мықты бағдарламалар жасауға ұмтылу мен олардың бақылаусыз дамуы қазіргі адамның жеке өмірінен бастап құқықтарына дейін қауіп төндіреді. Мамандардың пікірінше, қазіргі нейрожелілер жай ғана өтірік ақпарат немесе фейк жасаудан әлдеқайда үлкен нәрселерді істей алады. Бүгінгі таңдағы басты қауіп — цифрлық биліктің бір-ақ жерде шоғырлануы. БҰҰ осы монополистер жасанды интеллектті тек өз мүддесіне пайдалана ма деп қауіптенеді. Сондықтан БҰҰ жалпыға ортақ қауіпсіздік ережелерін жасауға, бірлесіп жұмыс істеуге және тәуелсіз ішкі тексеріс жүргізуге шақырады.

ЖАПОНИЯДА 100 ЖАСТАН АСҚАНДАР КӨБЕЙДІ



АСТАНА. KAZINFORM — Жапонияда 100 жастан асқан тұрғындар саны алғаш рет 100 мыңнан асты. Бұл туралы Kazinform агенттігі Kyodo-ға сілтеме жасап хабарлайды.

Жапонияда 100 жастан асқан тұрғындар саны 107 677 адамға жетіп, рекорд жаңартты. Бұл көрсеткіш 56 жыл қатарынан өсіп келеді. Көп жасағандардың 87,6 пайызы — әйел. Олардың саны — 94 298 адам. Сонымен қатар 2026 қаржы жылында 54 294 адамның 100 жасқа толатыны болжанып отыр. Бұл былтырғымен салыстырғанда 1 984 адамға көп. Жапонияда бала туу көрсеткішінің төмендеуі мен халықтың қартаюына байланысты әлеуметтік қамсыздандыру шығындары жыл сайын артып келеді. Бұл ел экономикасына түсетін салмақты күшейтіп отыр. Бұған дейін Жапония халқының саны 42 жылда алғаш рет 120 миллионнан төмендегенін хабарлаған болатынбыз.

ЕЛІМІЗДЕ АРЗАН ДӘРІ-ДӘРМЕКТІҢ БАҒАСЫ ЕНДІ БАҚЫЛАНБАЙДЫ



Енді дәріханалар бағасы төмен дәрі-дәрмектердің құнын өздері белгілеуге мүмкіндік алды, деп хабарлайды Ulysmedia.kz.

Денсаулық сақтау министрлігі бір айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) төмен, яғни 4 325 теңгеден арзан барлық дәрі-дәрмекті мемлекеттік баға реттеуінен шығарды. Әңгіме 1 200-ден астам дәрі атауы туралы болып отыр. Енді олардың бағасын мемлекет емес, нарық белгілейді. Тиісті бұйрыққа Денсаулық сақтау министрі 2026 жылғы 4 қыркүйекте қол қойған. Өзгерістерден кейін бағасы реттелетін дәрі-дәрмектердің тізімі 3 039-дан 1 827 атауға дейін қысқарды.Денсаулық сақтау министрлігінің түсіндіруінше, мемлекеттік реттеу бұдан былай нысаналы сипатқа ие болып, бағаның күрт өсуінен қорғауды қажет ететін дәрілерге бағытталады. Бұған дейін Денсаулық сақтау министрлігі шілде айында әр төртінші дәрінің бағасы төмендеп, оның мәліметінше, бақылаудағы 2 555 дәрінің 589-ы арзандаған.Ал сарапшылар мамыр айында дәрі-дәрмек бағасы бір жыл ішінде 19,3 пайызға өскен, бұл кейінгі он жылдағы ең жоғары өсім болды – дейді.

ПРЕЗИДЕНТЫ КАЗАХСТАНА И ЮЖНОЙ КОРЕИ ПРОВЕЛИ ПЕРЕГОВОРЫ В РАСШИРЕННОМ СОСТАВЕ



Касым-Жомарт Токаев и Ли Чжэ Мён провели переговоры в расширенном составе, передает «24KZ» со ссылкой на пресс-службу Акорды. Программу государственного визита Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева в Республику Корея продолжили переговоры на высшем уровне с участием членов официальных делегаций.

По итогам переговоров министры иностранных дел Республики Казахстан и Республики Корея обменялись вербальными нотами о повышении уровня казахстанско-корейских отношений до Всеобъемлющего стратегического партнерства, ориентированного на будущее. Кроме того, в присутствии глав государств члены официальных делегаций обменялись межправительственными и межведомственными документами.

В КАЗАХСТАНЕ АВТОМАШИН СТАЛО БОЛЕЕ 6 МЛН. ЕДИНИЦ

В августе 2026 года в Казахстане на учет поставлено 166 547 автотранспортных средств. Из них легковые автомобили составляют 87,5%, грузовые – 5,6%, прицепы – 2,6%, автобусы – 0,8%, мотоциклы – 0,7% и прочие автотранспортные средства – 2,7%. Такие данные публикует Бюро национальной статистики по информации МВД. По состоянию на 1 сентября 2026 года в стране общее число зарегистрированных автотранспортных средств достигло 6 088,7 тыс. единиц. В структуре совокупного парка легковые автомобили составляют 5 105,4 тыс. единиц (83,9%), грузовые – 496,1 тыс. единиц (8,1%), прицепы – 263,9 тыс. единиц (4,3%), автобусы и микроавтобусы – 89,5 тыс. единиц (1,5%), мотоциклы – 75 тыс. единиц (1,2%) и прочие автотранспортные средства – 58,7 тыс. единиц (1%). В структуре легковых автомобилей, поставленных на учет в августе, наибольший удельный вес (28%) занимают машины с годом выпуска более 20 лет.



СМЕТА РЕМОНТА ТЕПЛОВЫХ СЕТЕЙ ЗАВЫШЕНА



Прокуратура Талдыкоргана провела проверку документации по государственному инвестиционному проекту, связанному с реконструкцией магистральных тепловых сетей. В ходе анализа сметы специалисты обнаружили существенное расхождение в расчетах, - передает SHYNDYK.KZ .

- В документации масса асфальтобетона, который планировалось снять и вывезти в рамках работ, была указана на уровне 105 млн. 474 тонн. При этом фактический объем составил 5 млн. 273,7 тонны. Таким образом, расчетный показатель оказался завышен примерно в 20 раз. После внесения акта прокурорского надзора стоимость договора пересмотрели. В результате сумму снизили на 85,1 млн тенге, которые удалось сохранить от необоснованного расходования. По данным прокуратуры, аналогичные меры принимаются и в других районах области Жетісу. В общей сложности по итогам прокурорского реагирования в регионе предотвращено необоснованное расходование более 1,2 млрд. тенге бюджетных средств.

ТАЛДЫКОРГАН ГОТОВИТСЯ ОТМЕТИТЬ ДЕНЬ ГОРОДА

Главное культурное событие осени развернется в парке «Жастар» с участием популярных отечественных исполнителей. Талдыкорган готовится к празднованию Дня города, передает Vestnik19.kz

В честь этого события 26 сентября 2026 года для жителей и гостей областного центра организуют яркую праздничную программу. Центральной площадкой торжеств станет парк «Жастар», где в 17:00 стартует большой концерт. Организаторы обещают насыщенную музыкальную шоу-программу, атмосферу единства и исполнение любимых хитов. Главными моментами вечера станут выступления приглашенных звезд казахстанской эстрады — Газизхана Шекербекова и Руслана Табына. Организаторы приглашают всех разделить радость праздника, провести этот день в кругу близких и вместе отпраздновать очередную дату в истории любимого города.



ЭЛЕКТРОЭНЕРГИЯ ПОДОРОЖАЕТ В ЖЕТІСУ С НОЯБРЯ



Тарифы на электроэнергию в области Жетісу вырастут в среднем на 10,5 процента с 1 ноября 2026 года, сообщает tinfo.kz, со ссылкой на vestnik19.kz.

Изменение коснётся более 200 тысяч потребителей, включая население, юридические и бюджетные организации. Публичные слушания по этому вопросу провёл Департамент Комитета по регулированию естественных монополий. Основной причиной пересмотра тарифов назван рост стоимости закупаемой электроэнергии у единого закупщика, которая с 15 июля увеличилась с 14 до 17 тенге за кВт•ч – на 21,4 процента. Кроме того, увеличились операционные расходы АО «ТАТЭК» на 116,3 миллиона тенге, в основном за счёт повышения затрат на оплату труда. Для населения тариф составит 34,34 тенге за кВт•ч вместо текущих 31,09 тенге. Для юридических лиц стоимость вырастет до 55,22 тенге, а для бюджетных организаций — до 100,42 тенге. По расчётам, при среднем потреблении 192 кВт•ч в месяц семья будет платить на 624 тенге больше.

КОРОТКО ОБО ВСЕМ

ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИН ПОЛУЧИЛ ЕЩЁ ОДНУ ДОЛЖНОСТЬ

Легендарный казахстанский боксёр Геннадий Головкин получил ещё одну руководящую должность. Он избран вице-президентом Спортивной ассоциации исламской солидарности (ISSA), передаёт Tengrinews.kz со ссылкой на сайт Национального олимпийского комитета. Выборы состоялись 12 сентября, в рамках 15-й Генеральной ассамблеи ISSA в Таифе (Саудовская Аравия). ISSA) — международная спортивная организация со штаб-квартирой в Эр-Рияде (Саудовская Аравия), под эгидой которой раз в четыре года проводятся Игры исламской солидарности — крупное мультиспортивное соревнование для атлетов из стран-участниц. ISSA работает в тесном сотрудничестве с Организацией исламского сотрудничества и Международным олимпийским комитетом. Её ключевая миссия — развитие спорта, укрепление дружбы и поддержка атлетов внутри мусульманского мира независимо от их пола, расы или религиозных убеждений. Геннадий Головкин вошёл в состав исполнительного комитета на период 2026-2029 годов в качестве вице-президента по региону Азия и Европа.

США ПРИЗНАЛИ РАЗМЕЩЕНИЕ ОРУЖИЯ В КОСМОСЕ

США впервые подтвердили наличие на орбите оружия для контроля космического пространства. Об этом заявил министр военно-воздушных сил США Трой Мейнк, передает «24KZ».

По его словам, система предназначена для защиты американских военных от потенциальных угроз. При этом министр не раскрыл характеристики вооружения и не уточнил, когда именно оно было выведено в космос. В Вашингтоне необходимость таких мер связали с развитием космического потенциала Китая и России. Тем временем в Пекине уже отреагировали на заявление. В МИД КНР призвали Соединенные Штаты прекратить подготовку к войне за пределами Земли и отказаться от гонки в этой сфере. Отметим, что договор о космосе, вступивший в силу в 1967 году, запрещает размещение на орбите оружия массового уничтожения.

НАЗНАЧЕН ПОМОЩНИК ПРЕЗИДЕНТА ПО ВОПРОСАМ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ И КОММУНИКАЦИЯМ

Указом главы государства Толганбаев Эльдар Сейдахметович назначен помощником президента Республики Казахстан по вопросам внутренней политики и коммуникациям, передает центр деловой информации Kapital.kz со ссылкой на пресс-службу Акорды.

Эльдар Толганбаев родился в 1981 году в Алматинской области. Окончил Семипалатинский государственный университет им. Шакарима, университет им. Д.А. Кунаева. Трудовую деятельность начал в 2005 году с должности главного специалиста аппарата маслихата Алакольского района Алматинской области.

С 2005 по 2019 год занимал различные должности в Министерстве культуры и информации РК, Информационно-аналитическом центре канцелярии премьер-министра РК, РГУ «Служба центральных коммуникаций» при президенте РК, Мажилисе Парламента РК.В 2019 году работал в частной структуре. Также был зампредседателя правления АО «Центр развития Алматы» (2019-2020), первым замгендиректора АО «Телерадиокомпания Almaty» (2020-2022). Затем занимал должность госинспектора Администрации президента РК, был назначен вице-министром информации и общественного развития РК, заместителем заведующего отделом по коммуникациям Администрация Президента Республики Казахстан.С февраля 2024 года - заместитель руководителя аппарата Правительства Республики Казахстан.

БОЛЕЕ 2,3 МЛН ТЕҢГЕ ВЫПЛАТЯТ ПЕНСИОНЕРКЕ ПОСЛЕ ВМЕШАТЕЛЬСТВА ПРОКУРАТУРЫ ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ

Прокуратура области Жетісу восстановила пенсионные выплаты жительнице Коксуского района, прекратившиеся после ее выезда за пределы Казахстана, и обеспечила начисление более 2,3 млн теңге, передает агентство Kazinform.

— Работа проводится с учетом правовой позиции Конституционного Суда Республики Казахстан, изложенной в нормативном постановлении № 79. В рамках данной работы прокуратурой области восстановлены пенсионные выплаты жительнице Коксуского района, прекращенные в связи с ее выездом за пределы страны, несмотря на сохранение гражданства Республики Казахстан, — отметили в прокуратуре региона. По результатам принятых мер пенсионные выплаты возобновлены с 1 июля 2023 года. За период их приостановления гражданке начислено более 2,3 млн теңге, подлежащих выплате в полном объеме.

АРЕНДНОЕ ЖИЛЬЕ В СЕЛАХ КАЗАХСТАНА РАСПРЕДЕЛЯЮТ ПО-НОВОМУ

В Казахстане внедрили новый порядок распределения арендного жилья в сельской местности, передает корреспондент агентства Kazinform.

Теперь граждане, состоящие в очереди на жилье, могут самостоятельно выбрать арендное жилье в своем районе и подать на него заявку. Об этом сообщил председатель Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства РК Бакытжан Жунисбеков. Новый механизм запущен с 1 сентября на сайте «Отбасы банка».— Если гражданин состоит в очереди на жилье в определенном районе, он может выбрать одно из предложенных в этом районе арендных жилых помещений и подать на него заявку. Уже сейчас около 400 граждан выбрали жилье в сельской местности, — сказал председатель комитета. Кроме того, он отметил, что четко определен состав семьи, учитываемый при постановке на жилищную очередь. К ним относятся супруги, дети, в том числе усыновленные дети и их семьи, а также родители супругов. К этим членам семьи также применяются требования, установленные для основного заявителя, состоящего в очереди на жилье.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 36 (1299) 18.09.2026 Алатау

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІМЕН ЖАҺАНДАНАМЫЗ БА, ӘЛДЕ ШЕКТЕЛЕМІЗ БЕ?

Баян Таңатарова
«Алатау»

Қазір әр оқушының, әр мектепке дейінгі баланың қолында бір-бір смартфон бар десем өтірік айтпаспын. Жаһандану белгісінің бір көрінісіне айналған бұл қалта телефоны туралы айтылып та, жазылып та жатыр. Әрине, пайдасы емес, зияндығы туралы. Пайдасы бар шығар. Алайда зиянды жағы таразы табағын басып тұр. Зиянына келер болсақ біріншіден оқушылар арасында, екіншіден мектепке дейінгі балалар арасында көздің нашар көруі көбеюде. Алысқа бармай-ақ қояйық, ұлттық статистиканың деректерін де алға қоймай-ақ айтайын, 1-ші класқа барған бір ғана кластағы 25 оқушының алтауы көзәйнекпен жүр. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, бұрнағы жылдары көзәйнекті баланың бір кластағы саны 1-2 ғана бала болатын. Ал қазір ше? Көбеймесе азаятын себепті көрмедім.



ҮКІМЕТКЕ ҰСЫНЫС

Ә/ж үлкендер үшін пайдалы шығар. Ал балаларға ше? Қорқытып үркітетін желілер ше? Несиеге де аямай сатылып жатқан бір дүние, әйтеуір. Онлайн қызметтің бәрін қол телефонына тәуелді етіп қойды. Сауда-саттығыңа да, жол жүрейін дегенде билетке тапсырыс беру де, шетелге путевка сатып алу да, дәрігерге жазылу да, Е-өтінішің де, қысқасы қызметтің бәрі қолыңдағы смартфоныңа кіргізілді. Бір отбасында алты адам, оның төртеуі мектепке баратын – 14-тен 7 жасқа дейінгі оқушы болса, үйдегілердің бәрінің қолында бір-бір смартфон. Яғни барлығы шаңырақта алты телефон. Оның заңды тіркелгені де алтау, 16 жасқа толмаған оқушылардың телефондарын да ата-анасы өз аттарына екі-екіден тіркетіп алған.

Ал енді, Құрылтайдағы «Әділет» партиясының депутаты Жанарбек Әшімжанның айтуынша ЮНИСЕФ дерегінше, Қазақстанда 9–10 жастағы балалардың 60%-ында, ал 11–12 жастағылардың 66%-ында желіде аккаунт бар. Балалардың 88%-ы жеке смартфон ұстайды.

Бекер обалы не керек, Жанарбек Әшімжан 16 жасқа дейінгі балаларды әлеуметтік желіден шектеу технологиясын Үкімет қарастырсын дегенді айтты. Қалай қарастырады, егер алты телефонның бәрі ата-анасының атына тіркелсе? Ал әр адам біздегі талап бойынша он телефонға дейін тіркеуге құқылы. Телефонға тәуелділік жыл сайын артып отыр. Дегенмен, Жанарбек Әшімжан Үкіметке нақты қандай ұсыныс айтты?

Үкіметке жолдаған депутаттық сауалында Құрылтай депутаты Жанарбек Әшімжан Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 16 жасқа толмағандардың тіркелуіне заң жүзінде тыйым салу бастамасын қолдай отырып, «Мәселе баланың әлеуметтік желіде отыруында ғана емес, оның уақыты мен жадын жоғалтуында. Әлеуметтік желіге шамадан тыс әуестік баланың кітап оқуына, спортпен айналысуына, отбасымен қарым-қатынасына және сабаққа дайындалуына бөлінетін уақытты қысқартады. Соның салдарынан зейін қою, ақпаратты терең қабылдау және өздігінен ойлау дағдылары түбегейлі әлсірейді», — деп атап өтті.

Әңгіме әлеуметтік желіні күні –түні пайдаланатын балаларды шектеу ғана емес, интернет арқылы кибербуллингке ұшырау санының 25 пайызға өсуі де алаңдатушылық туғызуда.

Қазақпараттың (19.07.2026.) көрсетуінше, әрбір алтыншы бала интернетте қорлауға немесе кемсітуге тап болған. Көріп отырғанымыздай, бұған дейін негізгі мәселе кибербуллинг пен зиянды контент болса, бүгінде оған онлайн-грооминг, интим материал арқылы бопсалау, сондай-ақ жасанды интеллект көмегімен жасалатын дипфейктер қосылып отыр. Мәселен, UNICEF, ECPAT және INTERPOL жүргізген зерттеу 11 елдегі кемінде 1,2 миллион баланың соңғы бір жыл ішінде AI арқылы жасалған сексуалдық сипаттағы жалған бейнелердің құрбаны болғанын немесе осындай қауіпке тап болғанын көрсеткен. Бұл мәселе Қазақстан үшін де өзекті. Мәселен, UNICEF пен Оқу-ағарту министрлігі 2023 жылы жүргізген Kazakhstan Kids Online зерттеуіне сәйкес, елдегі балалардың 15,3%-ы интернетте күн сайын жағымсыз немесе зиянды контентке тап болатыны белгілі болған. Ал әрбір бесінші бала (21%) кибербуллингке ұшырағанын айтқан. Сонымен қатар балалардың 10%-ы бұрын кездеспеген адамдарды достар қатарына қосса, 11%-ы



бейтаныс адамдарға фото немесе видео жіберген. Бұл үш жыл бұрынғы дерек екенін ескерсек, қазір жағдай бұдан да күрделі болуы мүмкін.

«Бейтаныс адамдарға сурет жібереді» демекші, немеремнің сондай іспен айналысып, үй ішін, үйдің айналасын түсіріп, үйдің адресін біреулерге жазып жіберіп жатқанын көріп қалдым. Үйде кім бар екенін түгел көрсетіп беріп жатыр екен. Ал енді осыдан кейін ойланбай көр...Түнде жатарда көрпенің астында телефон ұстап жатады, таңертең ояна салып телефонға жармасады... Тамақ ішіп отырып бір көзі аста, бір көзі телефонда отырады. Әке-шешесі оған үндемейді... Осыдан барып шулаймыз. Айтайын дегенім, әке-шешесінің қолдарынан да смартфондары түспейді. Бұл деген бір пәле болды», - дейді бізбен сөйлескен әжелердің бірі.

Австралия, Бразилия және Индонезия сияқты 25-тен астам ел 15-16 жас аралығында желіге тіркелуді шектеу ретінде қарастырып отыр – деп атай отырып, «Әділет» фракциясының депутаттары Үкіметтен мынадай нақты шараларды талап етті:

1. 16 жасқа дейінгі балалардың әлеуметтік желіге тіркелуін шектеу **тетігін нақтылау;**

2. Балалардың жеке және цифрлық деректерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3. Мектептерде цифрлық гигиена мен медиасауат сабақтарын жүйелі түрде оқыту;

4. Әлеуметтік желінің бала денсаулығы мен оқу үлгеріміне әсерін бағалайтын ұлттық мониторинг жүйесін енгізу.

МҰНДАЙ ШЕКТЕУЛЕР БАЛАЛАРДЫ ШЫНЫМЕН ҚОРҒАЙ АЛА МА?

Астана - Казинформның хабарлауынша (19.07.2026) UNICEF мәліметінше, бүгінде цифрлық қауіптердің сипаты өзгеріп, жағдай барған сайын ушығып барады. Сондықтан көптеген ел әлеуметтік желілерді реттеудің жаңа тетіктерін іздеп жатыр.

Солардың ішінде ең қатаң шешімдердің бірін Аустралия қабылдады. Елде 2025 жылдың желтоқсанынан бастап 16 жасқа толмаған балаларға TikTok, Instagram, Facebook, YouTube және басқа да әлеуметтік желілерді пайдалануға тыйым салынды. Заң талабын орындамаған платформаларға 49,5 миллион аустралия долларына дейін айыппұл салынуы мүмкін. Жасты тексеру міндеті балаларға емес, ӘЖ компанияларының өзіне жүктелген.

Алайда алғашқы зерттеулер заңды орындау оңай емес екенін көрсетіп отыр. Сарапшылардың мәліметінше, көптеген платформа пайдаланушылардың жасын нақты тексермейді. Сондықтан балалардың басым бөлігі ӘЖ бұрынғыдай пайдаланып келеді.

Еуропада әзірге әлеуметтік желіге қатысты бірыңғай жас шектеуі жоқ. Дегенмен көптеген мемлекет ұлттық заңнамасын қатаңдатып жатыр. Норвегия, Польша және Аустрия 14–16 жасқа дейінгі балаларға әлеуметтік желі қолдануды шектейтін заң жобаларын әзірлеп жатыр. Португалия, Германия, Франция және Италияда жасөспірімдердің әлеуметтік желіні пайдалануына ата-анасының келісімі талап етіледі немесе осындай талапты енгізу қарастырылып жатыр.

Азияда да осыған ұқсас үрдіс байқалады. Индонезия балалардың әлеуметтік желідегі аккаунттарына кезең-кезеңімен шектеу енгізіп жатыр. Малайзия 2026 жылдан бастап 16 жасқа дейінгі балаларға әлеуметтік желі қолдануға тыйым салатынын жарияласа, БАӘ әлеуметтік желіні пайдалануды ең төменгі жасын 15 жас деп белгіледі.

Қазақстан да бұл үрдістен тыс қалған жоқ. Kazinform агенттігінің ресми сауалына берген жауабында БАҚ саласындағы мемлекеттік саясат департаментінің директоры Анар Мұқатаева «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы әзірленгенін атап өтті. Оның сөзінше, құжат қазір Үкіметтің қарауында.

– Қазіргі таңда халықаралық тәжірибе зерделеніп, мемлекеттік органдар мен онлайн-платформалардың қатысуымен жаңа талаптарды іске асырудың техникалық және ұйымдастырушылық тетіктері пысықталып жатыр, - деді ол.

Анар Мұқатаеваның мәліметінше, заң жобасында 16 жасқа дейінгі пайдаланушылардың онлайн-платформаларда тіркелу тәртібін реттейтін жаңа бап енгізу ұсынылған. Оған сәйкес, жедел хабар алмасу сервистерін қоспағанда, 16 жасқа дейінгі балаларды онлайн-платформаларда тіркеуге тыйым салу көзделген.

Министрліктің түсіндіруінше, бұл шара балаларды жасына сәйкес келмейтін контенттен, кибербуллингтен және әлеуметтік желіге тәуелділік қаупінен қорғауға бағытталған. Сонымен қатар айта кету керек, бұл заң жобасы білім беру және басқа да цифрлық ресурстарға қолжетімділікті шектемейді.

ПСИХОЛОГ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ КЕРІ ӘСЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ

Психолог Ғайни Ықыластың айтуынша, гаджетті бақылаусыз пайдалануды салдары тәжірибеде қазірдің өзінде байқалып отыр.– Әлеуметтік желіде ұзақ уақыт отыру баланың мазасыздығы мен депрессиясының күшеюіне, өзін өзгелермен салыстыруына, өзін-өзі бағалауының төмендеуіне және ұйқысының бұзылуына әсер етеді. Соның салдарынан оқу үлгерімі төмендеп, зейіні шашырайды. Мәселен, жақында бізге 10 жастағы бала келді. Оқу үлгерімі өте төмен, қарапайым оқу, жазу, қосу, азайту сияқты дағдыларды меңгермеген. Тексеру барысында денсаулығында да, ми дамуында да органикалық бұзылыс анықталған жоқ. Кейін белгілі болғандай, бала кішкентай кезінен гаджетпен өскен, ата-анасы жеткілікті көңіл бөлмеген. Арнайы психиатриялық тексеруден кейін оған диагноз қойылды. Бұл гаджетті бақылаусыз пайдаланудың сау баланың дамуына да кері әсер етуі мүмкін екенін көрсетіп отыр, - деді писхолог. - Мәселен, 14–15 жастағы жасөспірім әлеуметтік желіні ешқандай шектеусіз пайдаланудың салдарынан өте агрессивті болып кеткен. Ата-анасына қол көтеріп, үйдегі заттарды сындырған, ешқандай ескерту қабылдамайтын жағдайға жеткен. Мұндай кезде психологтың көмегі ғана жеткіліксіз. Кей жағдайда психиатрдың араласуы мен дәрі-дәрмекпен емдеу қажет. Өкінішке қарай, мұндай жағдайлар кездесіп тұрады, – дейді Ғайни Ықылас.

ӘЖ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАСЫН ТЕКСЕРУ МҮМКІН БЕ?

Ендігі ең үлкен сұрақ – баланың жасын қалай анықтайды? Заң жобаларының ең күрделі тұсы да - осы. Егер Қазақстанда 16 жасқа дейінгі балаларға әлеуметтік желілерді пайдалануға шектеу енгізілсе, платформа қолданушының нақты жасын қалай анықтайды? Alliance QazTech ақпараттық қауіпсіздік комитетінің тең төрағасы Евгений Питолиннің айтуынша, пайдаланушының жасын техникалық тұрғыдан анықтауға болады. Алайда әзірге мінсіз тәсіл жоқ.

– Жасты тексеруге болады. Бірақ барлық әдістің өз кемшілігі бар. Қазір әлемде бірнеше тәсіл қолданылып жүр. Қазақстанда жасты eGov арқылы тексеру мүмкіндігі қарастырылып жатыр.– Бұл – ең қолайлы тәсілдердің бірі. Өйткені eGov көпшіліктің телефонында бар. Егер әлеуметтік желіге тіркелуді мемлекеттік деректер базасымен байланыстыру мүмкін болса, қосымша жеке мәлімет жинамайақ жасты растауға болады. Бірақ мұның нақты қалай іске асатыны әзірге анықталған жоқ, - дейді Евгений Питолин. Қазір жасты тексеру механизмі іс жүзінде жоқ деуге болады. Сондықтан бес жасар бала да әлеуметтік желіде аккаунт аша алады, - дейді ол.

Евгений Питолиннің пікірінше, мұндай талап енгізілсе, ең алдымен үш мәселені шешуге тура келеді. Олар – жасты тексерудің тиімді тәсілін таңдау, қауіпсіздікті күшейте отырып, пайдаланушыға қолайсыздық туғызбау және жүйені eGov платформасымен біріктіру. Сарапшының айтуынша, жасты тексеру жеке деректерді өңдеумен тікелей байланысты. Сондықтан ең басты талап - балалардың жеке мәліметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ең бастысы – пайдаланушы туралы мүмкіндігінше аз мәлімет жиналуы керек. Қорытындылай келе, балалардың әлеуметтік желілерді пайдалануын реттеу – тек жас шектеуін енгізумен шешілетін мәселе емес. Ең тиімді нәтиже заңнамалық талаптар, платформалардың жауапкершілігі, ата-ананың бақылауы және балалардың цифрлық сауаттылығын қатар күшейткенде ғана мүмкін екенін байқап отырмыз. Айта кетейік, Ұлыбритания үкіметі 16–17 жастағы жасөспірімдер үшін әлеуметтік желілерді пайдалануға қатысты ерікті түнгі шектеулер енгізетінін мәлімдеді

БІРЖАН САЛ МЕН АҚЫН САРА АЙТЫСЫНА 155 ЖЫЛ

Сембек СОЛТАНҰЛЫ
«Алатау»

Айтыс — қазақ халқының көне, әрі аса құнды поэзиялық, суырыпсалмалық сөз сайысы мен жыр жарысы. Айтыстың негізгі ерекшеліктеріне келер болсақ, олар қазақ айтысында бірнеше түр-сипатқа ие. Қазақ айтысының ішіндегі ең озық айтыс деп айтуға болатын Біржан сал мен Сара Тастанбекқызының айтысы. Екеуі де аттары тарихта қалған жандар. Айтыс 1871 жылы қазіргі Алматы облысының Қапал-Ақсу өңірінде Ешкіөлмес тауының баурайында Тоғызқұмалақ ауылында өткен. Оның негізгі тақырыбы — қазақ әйелдерінің бас бостандығы. Жақында сол тарихи мекен - Қапалда Біржан сал мен Сара ақынның айтысына 155 жыл толғанына арналған жас оқушылар айтысы өтті.



Сахна көрінісі

Айтыстың өтуіне бастама көтеріп, белсенділік танытқан «Жетісу облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мен Талдықорған қаласындағы «Жетісу облысының Мұқаметжан Тынышбайұлы атындағы тарихи – өлкетану музейі» директоры - Аязбаева Рысжан Әбсеметқызы.

Жастар арасындағы бұл айтысты ұйымдастырып өткізудегі негізгі мақсат: Жетісу өңіріндегі айтыс өнеріне бейімі бар жас таланттарды анықтау. Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары Жетісу өңірінен шыққан Балғынбек Имашев, Жандарбек Бұлғақовтардан кейін жас ақындар қатары үзіліп қалды. Сол себепті, «Ел іші –өнер кеніші» демекші, әлі де жас таланттар табылар деген үмітпен осындай айтысты ұйымдастыру жұмыстары жалғасып жатпақ.

Қапал ауылдық мәдениет үйінің алдына ертерек жеткен Талдықорған қаласынан айтыс өнерінің майталман ардагері Айтақын Бұлғақов бастаған топ: ақын, Қазақстанның құрметті жазушысы Нүсіпбай Әбдірахым, Қазақстан жазушылар одағының Жетісу облысындағы уәкілі, «Ерен еңбегі үшін" медальдың иегері жазушы Жангелді Немеребай, «Егеменді Қазақстан» газетінің Жетісу облысындағы тілшісі, ақын, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Мұқтар Күмісбек ақын Сараның зиратына барып тәу етіп келгендерін айтты. Мәдениет үйінің фойесінде М.Тынышбайұлы атындағы музейден


Айтақын Бұлғақов

Бақтыбай, Қуат, Рүстембек, Қалқа т.б. айтыскер ақындардың рухын жаңғыртып, сол кісілердің атындағы жас ақындар айтысы өтетіндігі туралы әңгіме қозғады.

Сөз соңында сахнаға айтыскер ақын балаларды аты-жөнімен атап шақырды.Сахнаға 12 оқу жасындағы ұл-қыздар шықты, яғни олар 6 жұп болып айтысады.

Айтысты жүргізуші өзі екендігін және 3 адамнан тұратын әділ қазылар алқасы: Нүсіпбай Әбдірахым – әділқазылар төрағасы, Жангелді Немеребай және Мұқтар Күмісбек - алқаның мүшелері екендігін жария етті.

Одан әрі Ақсу ауданы әкімінің


Айтысты ұйымдастырушы топ

әкелініп қойылған жәдігерлерді ел тамашалады.

Сонымен қатар әр ауданнан айтыскер ақын оқушы балалар да келіп жетті. Жиналған үлкен-кіші көрермендермен зал лық толды.

САХНАДАН АЙТАҚЫНДЫ КӨРГЕННІҢ ӨЗІ БІР ҚУАНЫШ

Сахна төріне көптен көрінбей кеткен Айтақын Бұлғақов шыққан сәт сәл болса да толқулы сәт болды. Ақын Жетісу өңіріндегі айтыс өнерінің соңғы кезде әр түрлі себептермен дағдарып қалғаны туралы айта келіп, бұдан әрі бұл істі жандандыру үшін облыс әкімі Бейбіт Өксікбайұлы Исабеков атсалысып, қолдау көрсетіп отырғандығына тоқталды. Сондайақ, жастар арасындағы айтыс өнерін жалғастыру үшін, «Жетісу облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы»-мен, «Жетісу облыстық білім басқармасы»-мен келісім жасалғандығы туралы айтып өтті. Болашақта Жетісу өңірінде өткен орынбасары Сарыбаев Амандос Ақышұлы осы айтыс өнерінің Ақсу ауданының тарихи орыны саналатын Қапал ауылынан бастау алғандығы қуантарлық жай екендігін айта келіп, ұйымдастырушыларға алғысын, ал айтыскер жастарға сәттілік тілегін жеткізді.

АЙТЫСКЕРЛЕР АЛТЫ ЖҰПҚА БӨЛІНДІ

Айтыскер ақындар төмендегідей ретте жұптасты:

1-жұп: Панфилов ауданы Болатхан Мейрамбек 6- сынып оқушысы;

Ескелді ауданы Рақымжан Ғалымжан 5-сынып оқушысы.

2-жұп: Көксу ауданы Қизат Нұрқасиет 9-сынып оқушысы;

Талдықорған қаласы Қанатқызы Ақбаян 5 сынып оқушысы.

3-жұп: Көксу ауданы Мулизатұлы Нұраят 10- сынып оқушысы;

Ақсу ауданы Жақсылықов Нұрасыл 10- сынып оқушысы.

4-жұп: Көксу ауданы Қуаныш Мейір 9- сынып оқушысы;

Батырханұлы Талғар 9-сынып оқушысы

5-жұп: Талдықорған қаласы Мұхамәди Нұрлы 5- сынып оқушысы;

Талдықорған қаласы Айқынқызы Айсері 5- сынып оқушысы.

6-жұп: Талдықорған қаласы Біржанұлы Марғұлан 10 -сынып оқушысы;

Қаратал ауданы Мұқаметқали Медина 5- сынып оқушысы

Өздеріңіз байқап отырғандай, оқушылардың айтысына жүректері дауалап келген жас айтыскерлердің саны қалың емес. Жетісу өңіріндегі 8 аудан мен екі қаласы бар және облыс орталығын қосқанда айтысқа келген жас ақындардың саны 6 ғана өңірден екені аталған тізімнен көрініп тұр. Соған қарағанда, бұл мәселе



Ақтық айтыс Мейрамбек пен Нұрлы

Айтақын айтқандай, жас ақындар мектебінің жұмысын бұдан әрі жандандыру керектігін, дамыту қажеттігін көрсетіп тұрғандай...

АЙТЫСТА АЛҒАН БАҒАЛАР

Бірінші жұп сахнаға шақырылып, айтысты бастап та жіберді. Көрермендер арасында ой бәрекелді деген дауыстар шығып, шапалақпен қолдау көрсетіліп жатты. Мейрамбек көпшілікпен сәлемдесіп алғаннан кейін мектеп директоры мен ұстаздарының өзіне деген тапсырмасын былай жеткізді:



Айтыс қорытындылануда

«Директор шақырып ап ерле деді,

Жүлдесіз бұл айтыстан келме деді.

Жұдырығын түйіп ап физруктар

Намысты қолдан берме деді»,- деп айтып өтті.

Жаркенттік Болатхан Мейрамбек жуан дауысты бала екен де, Ескелді ауданы Ақешкі ауылынан келген Рақымжан Ғалымжан ұяң дауысты бала екен. Айтыс барысында Мейрамбек Ғалымжанға қарап:

«Ақешкіден келген ешкі дауысты қарсыласым...», - деген қағытпа шумақтары болды.

Әділ қазылар айтыскерлердің баллдарын есептей келе, жоғары балл алған жаркенттік Болатхан Мейрамбек пен талдықорғандық Мұқамәди Нұрлыны ақтық айтысқа шақырды.

Айтысты бастап кеткен Мейрамбек бірден Нұрлыны қағыта сөйледі:

Финалға шығуымның тез болғаны -ай,

Қалайша отырамын сөз қозғамай.

Бір сіңлісімен шығам ба деп ем Сара ақынның

Құдайдың Жиенқұлға кез қылғаны -ай», - деп бастады.

Нұрлы да қарап қалмады:

«Болса да бойым аласа, ойым биік,

Басыма күн өтіп тұрған жоқ жаңбыр тиіп...»,- деп жалғастырып кетті. Әдемі айтыс көрсетті. Болашақтарынан үлкен үміт оты жылтылдап көрінгендей болды. Әділқазылар айтысты қорытындылағанға дейін Ақсу аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары көрермендерге өз өнерлерін көрсетті. Концерт соңында айтыскер ақындар тобы сахнаға шақырылып, солардың алдында Ақсу ауданы «Әділет» партиясының төрайымы Алма Жанатбекқызы ыстық тілегін жеткізе отырып, айтыскер оқушылардың бәріне Алғысхат тапсырды.

АЙТЫС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Одан әрі әділқазылар алқасы айтыстың қорытындысын жария етті.

Жүлделі орындар алғандар ғана емес сөз зергері,көрермен көзайымы сияқты номинациялар жас ақындар Батырханұлы Талғар, Біржанұлы Марғұлан, Қанатқызы Ақбаян, Қуаныш Мерей, Қизат Нұрқасиет бес мың теңгеден ақшалай сыйлыққа ие болса, Ұлттық өнер номинациясы бойынша Мулизатұлы Нұраят заттай сыйлықтармен марапатталды.

Үшінші жүлделі орын иеленген Айқынқызы Айсеріге – 40 000 тг,

Екінші жүлде иегері Рақымжан Ғалымға – 60 000 тг,

Бірінші жүлделі орын иегері Мұқамәди Нұрлыға – 80 000 тг.

Бас жүлде иеленген Болатхан Мейрамбек - 120 000 тг.

СӨЗ СОҢЫНДА...

Айтыс аяқталғаннан кейін дәлізде тұрған біздерге 3-4 ауыл тұрғындары келіп: *«Өте бір жақсы айтыс өтті. Осы бағытта жастарды тәрбиелей беріңіздер. Қазақ өнерінің шыңы - осы айтыс өнерін жаңғыртып қолға алып жатқан Айтақын аға, сіздерге көп рахмет!»* - деп ризашылықтарын білдіріп кетті.

Біз де айтыскер ақын Айтақын Бұлғақовтың алдағы мақсаттарын білгіміз келіп,әңгімеге тарттық .

Айтақын*: Бүгінгі айтыс оқушылар арасында алғашқы рет болып тұрғандықтан әрине, кем-кетік жақтары болды. Оған айтысты жүргізуші ретінде түсініспікпен, кеңшілікпен қарадым. Әділқазылар алқасы да солай қараған сияқты. Ал алдағы жоспарлар туралы айтатын болсақ, өткен жылдың екінші жартысында жасалған болатын. Бүгінгі айтыс - тырнақалды айтыс деуге болады. Ендігі айтыс жастар арасында 28.09.2026 ж. Талдықорған қаласында өтеді. Содан әрі жалғаса бермек.*

Негізгі мақсатымыз - жастар арасынан талантты балаларды тауып, оларды әрі қарай тәрбиелеу. Қысқасы, айтыс өнерін өркендету - аға ұрпақ біздің басты парызымыз деп есептейміз.

АВТОРДАН: Тәлімді іске бастау алғандай жоспарлар екен, айтып отырғаныңыз. Әрбір ұйымдастырған іс-шаралар бүгінгідей өтіп тұратын болса, мақсатқа жетесіздер деп сенеміз. Жақсы пікірде айтылған жақсы жоспарлар жүзеге ассын, ұстаздан озған шәкірттеріңіз көп болсын!

Дүйсенбі - Понедельник, 21 қыркүйек

ХАБАР

05.00,02.30 ҚР Әнұраны
05.00 Концерт
07.00 «Оян!»
09.00, 19.00 «Ақ жеңге»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
13.10 «Народный контроль»
14.40 «Шашу»
15.00,20.00 «Келінжан»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.30 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.00 Телесериал

ЕВРАЗИЯ

06.00 «В одну реку дважды»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Аналитика»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.25 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.40«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Васька»
02.40 Сериал «Знахарь»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Ерін Нұржановтың ән кеші
08.25 «Закира», отандық телехикаясы
09.30 Сериал «Маратанец»
12.00 «Было дело»
14.30 Худ. фильм «Джохан-2»
16.30 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Пламя жизни»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
23.20 Сериал «Агенты справедливости»
01.30 Сериал «Певица»
03.20 Сериал «Қайсар қыз»
04.20 «Закира»
05.00 «Әнім сен едің»
05.30 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 «Бір кітап»
10.00 «Угәгәй melody»
10.50 «Әсем әуен»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Тарлан»
11.35 «Әсем әуен»
12.00 «Тілашар» /тікелей эфир/
13.00 «Единый народ»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Таза мекен»
15.00 Жаңалықтар / тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «ДАRA LINE»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.00 Д/ф «Travel Kazakhstan»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Тиын мен түйін»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Көрінбейтін көмекші»
22.40 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
07.00 «Алдараспан»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.30 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
10.30 «Отель для собак»
12.50 худ. фильм «Пиксели»
15.20 худ. фильм «Рэд-2»
18.00 худ. фильм «Перевозчик»
20.00 информбюро (рус., каз.)
21.00 худ. фильм «Годзила»
00.00 худ. фильм «Әлек болған әйел»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Тик ток» ойын-сауық
03.20 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»
05.00 «Күліп ал» ойын-сауық
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

05.30 «Q-елі»
06.00 «Әкесің баласы»
07.00 Телехикая «Махаббат дерті»
09.30,13.00 Новости
09.40, 16.00,18.30,02.20Телесериал
11.10 Телехикая «Мың рет сүйдім»
13.10 «Менің үйім қайда?»
15.40 «Әзілің жарасса»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 сериал «Запретная любовь»
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
00.20 «Невпопад»
03.10 «Қыздарай»
03.35 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.05 Тазалық уақыты
04.20 Жарқыраған жұлдыз

Считать недействительным утерянный бланк ИБР Белорусь выданный 2026 году, № 6224875 ИП «Иминжанов» ИИН 951121301066

Сейсенбі - Вторник, 22 қыркүйек

ХАБАР

05.00,02.30 ҚР Әнұраны
05.00 Концерт
07.00 «Оян!»
09.00, 19.00 «Ақ жеңге»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
12.00 «Ойнайық»
13.00 «Өзекті»
15.00,20.00 «Келінжан»
16.30 Кино
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.30 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.00 Телесериал

ЕВРАЗИЯ

06.00 «В одну реку дважды»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.25 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.40«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Васька»
02.40 Сериал «Знахарь»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.40 «Закира», отандық телехикаясы
09.30 Сериал «Маратанец»
12.20, 23.20 Сериал «Агенты справедливости»
14.50 «Битва экстрасенсов реванш»
16.30 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Пламя жизни»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
01.30 Сериал «Певица»
03.20 Сериал «Қайсар қыз»
04.20 «Закира»
05.00 «Әнім сен едің»
05.30 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Тиын мен түйін»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.00 «Аман болайық» / тікелей эфир/
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Сергек»
10.40 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар / тікелей эфир
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Көрінбейтін көмекші»
17.00 «Білім мен білік»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.45 Д/ф «Доступ есть?»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Агро аймақ»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Өзгеремін»
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
07.00 «Алдараспан»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.30 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
10.30 «Отель для собак»
12.50 худ. фильм «Пиксели»
15.20 худ. фильм «Рэд-2»
18.00 худ. фильм «Перевозчик»
20.00 информбюро (рус., каз.)
21.00 худ. фильм «Годзила»
00.00 худ. фильм «Әлек болған әйел»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Тик ток» ойын-сауық
03.20 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»
05.00 «Күліп ал» ойын-сауық
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

05.30 «Q-елі»
06.00 «Әкесің баласы»
07.00 Телехикая «Махаббат дерті»
09.30,13.00 Новости
09.40, 16.00,18.30,02.20Телесериал
11.10 Телехикая «Мың рет сүйдім»
13.10,00.20 «ИП Тәттібаева»
15.10 «Әзілің жарасса»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 сериал «Запретная любовь»
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
00.20 «Невпопад»
03.00 «Қыздарай»
03.25 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
03.55 Тазалық уақыты
04.35 «Өсекшілер»
05.15 Жарқыраған жұлдыз

Сәрсенбі - Среда, 23 қыркүйек

ХАБАР

05.00,02.30 ҚР Әнұраны
05.00 Концерт
07.00 «Оян!»
09.00, 19.00 «Ақ жеңге»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
12.00 «Ойнайық»
13.00 «Өзекті»
15.00,20.00 «Келінжан»
16.30 Кино
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.00 Телесериал

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Цепляясь за лед»
07.00 «Забудь и вспомни»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.25 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.40«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Васька»
02.40 Сериал «Знахарь»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.35 «Әнім сен едің»
08.10 «Закира», отандық телехикаясы
09.10 Вечерние новости
10.00 «Пламя жизни»
12.20, 23.20 Сериал «Агенты справедливости»
14.50 «Битва экстрасенсов реванш»
16.30 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Пламя жизни»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
01.30 Сериал «Певица»
03.20 Сериал «Қайсар қыз»
04.20 «Закира»
05.00 «Әнім сен едің»
05.30 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Агро аймақ»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.05 «Біздің толқын» / тікелей эфир/
13.00 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Әке»
15.00 Жаңалықтар / тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Өзгеремін»
17.00 «Угәгәй melody»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.40 Д/ф «Жайлы мектеп»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Біздің бренд»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Туысқанның үйіне бармаймын»
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
08.00, 04.20 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.40 «Ризамын»
07.00, 20.00 информбюро (рус., каз.)
08.00,05.20 «Күліп ал»
08.20 «Математика + музыка = махаббат»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
10.00 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11.00 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
12.00,23.00 худ. фильм «Сен болмасаң»
12.40 худ. Фильм «Годзилла»
15.50 худ. фильм «Перевозчик-2»
17.50 худ. фильм «Перевозчик-3»
21.00 худ. фильм «Подводный капкан»
23.40 худ. фильм «Сезім сергелдеңі»
02.30 «31 әзіл» ойын-сауық
03.20 «Time Vine» ойын-сауық
03.40 «Тик ток» ойын-сауық
04.00 «What's up?» ойын-сауық
04.40 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.50 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

05.30 «Q-елі»
06.00 «Әкесің баласы»
07.00 Телехикая «Махаббат дерті»
09.30,13.00 Новости
09.40, 16.00,18.30,02.20Телесериал
11.10 Телехикая «Мың рет сүйдім»
13.10,00.20 «ИП Тәттібаева»
15.10 «Әзілің жарасса»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 сериал «Запретная любовь»
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
03.00 «Қыздарай»
03.25 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
03.55 Тазалық уақыты
04.35 «Өсекшілер»
05.15 Жарқыраған жұлдыз

«Қарттар күніне» орай айлық өткізу туралы Талдықорған қаласындағы барлық мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындардың, қоғамдық ұйымдардың, бизнес құрылымдарының басшыларына және қала тұрғындарына

ҮНДЕУ

Құрметті талдықорғандықтар!

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Талдықорған қалалық филиалы – қалалық ардагерлер кеңесі, 2026 жылы қазан айында "Үлкенді құрметтеу – ұлттық дәстүр" атты айлық өткізу туралы Үндеу жариялайды.

Айлықтың мақсаты – Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан» және «Адал азамат» реформаларын жүзеге асыру аясындағы республикалық ардагерлер қауымдастығының «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» бағдарламасының "Үлкенді құрметтеу – ұлттық дәстүр" аталатын 1-бағытын жүзеге асыру бойынша игілікті іс-шара болып табылады.

Бүгінгі таңда Талдықорған қаласы бойынша 28 мыңға жуық жасына орай зейнетке шыққан адамдар тіркелген. Олардың ішінде 500-ге тарта тыл еңбеккерлері бар. 1,2 және 3-топтағы мүгедектер саны 5300-ге таяу.

Бұл азаматтарымыз әлеуметтік жағынан қолдау мен қамқорлыққа мұқтаж екендігі белгілі.

Әр мекеме, ұйымдар мен кәсіпорындар басшылары және кәсіпкерлеріміз өз салалары бойынша ардагерлер орталықтары мен филиалдары жетекшілерімен байланыс жасап, белгілі мекеме, кәсіпорыннан зейнетке шыққан ардагерлерді құрметтесе, қамқорлыққа зәру адамдарға халқымызға тән адамгершілікпен көмек көрсетсе құба-құп болар еді.

Әсіресе, материалдық жағынан мұқтаж жандар мен жалғызілікті адамдардан жүрек жылуын аямайық. Материалдық және қаржылай қолдау шараларымен қатар әр мекеме, кәсіпорындарда ардагерлерге арнап мәдени-көпшілік бұқаралық іс-шараларын ұйымдастырса дұрыс болар еді.

Айлық аясында жоспарланған көптеген іс-шаралардың қатарында Екі мәрте Еңбек Ері Н.Алдабергеновтың құрметіне бильярд спортынан дәстүрлі халықаралық жарыс ұйымдастырылады. Жарыстың деңгейіне қарай жоғары дәрежеде өтуіне қаладағы кәсіпорындар, мекемелер және кәсіпкерлер үлес қосады деп ойлаймыз.


Осы Үндеуді жүзеге асыруда Талдықорған қаласының әкімдігі мен қалалық мәслихат бас болып, жүрегі жомарт барлық жерлестеріміздің ізгі ниеттерін бір кісідей қолдайды деп сенеміз.

Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі

ШЕКАРА ӨМІРІ

БӨЛІМШЕГЕ АУЫЗ СУ ЖҮРГІЗІЛДІ

Жетісу облысы бойынша ҚР ҰҚК Шекара қызметі департаменті Алакөл ауданындағы шекара басқармасына қарасты «Екіаша» шекара бөлімшесінде ауыз су мәселесі шешімін тапты – деп хабарлайды.



Бөлімше құрылғаннан бері алпыс жылдан астам уақыт бойы тұрақты су көзі болмаған. Су жақын елді мекеннен арнайы көлікпен жеткізіліп келген. Биыл жеке құрамның тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында тұрақты су жүйесі тартылды.

Жоба шекара басқармасының тыл қызметінің күшімен жүзеге асырылды. Бір мың метрден астам құбыр тартылып, қажетті жабдықтар орнатылды. Жұмысқа майор Жеңіс Буксуікбаев, аға лейтенант Темірлан Төлеубеков, кіші сержант Диас Мұхамедьяров, қатардағы жауынгер Ерназ Әділетхан, аға сержанттар Алмас Тоқтағазов пен Дастан Матқалиев атсалысты.

Жаңа су жүйесі әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің тұрмысын жеңілдетіп, бөлімшенің тұрақты қызмет атқаруына қолайлы жағдай қалыптастырды.

ЕЛ ШЕБІНДЕГІ ШЕКАРАШЫ МАМАН



Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Жетісу» шекара бөлімшесінің старшинасы, аға сержант Мақсат Калиев әскери қызметте мол тәжірибе жинақтаған мамандардың бірі. Ол жылдар бойы есеп нөмірі, жүргізуші, бөлімше командирі, кіші бақылаушы, старшина, қойма бастығы және аға нұсқаушы қызметтерін атқарды. Қазіргі міндеті – жеке құрамның күнделікті қызметін ұйымдастырып, бөлімшенің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету.

Мақсат Калиевтің атсалысуымен «Жетісу» шекара бөлімшесі орталық жылыту жүйесіне қосылды. Бұл жұмыс әскери қызметшілердің тұрмыстық жағдайын жақсартып, қыс мезгілінде қызметтік нысандарды тұрақты жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Көп жылғы тәжірибесі мен жауапкершілігі аға сержантты бөлімшенің білікті мамандарының біріне айналдырды.

Жетісу облысы бойынша ҚР ҰҚК-нің Шекара қызметі департаменті

ЭЛЕКТРОНДЫҚ АПОСТИЛЬ ҚОЮ

Мемлекеттік қызметті аумақтық әділет органдары (облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әділет департаменттері) экстерриториалдық қағидаты бойынша көрсетеді.

Өтініш «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz арқылы қабылданады.

Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі - 1 (бір) жұмыс күні. Қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде көрсетіледі, мемлекеттік баж 0,5 АЕК мөлшерінде алынады.

Қабылдау портал арқылы – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш білдірген кезде, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) жүзеге асырылады.

Портал арқылы жүгінген кезде қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық өтініш;

2) сканерленген көшірмесі түріндегі апостиль қойылуға жататын құжат электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі.

Көрсетілетін қызметті алушының анкеталық жеке деректері өзгерген кезде қосымша растайтын құжаттар қоса беріледі, сондай-ақ мұрагерлер жүгінген кезде қайтыс болған адаммен туыстығын растайтын құжаттар ұсынылады.

Порталда электрондық өтінішті қабылдау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады. Ұсынылған құжаттар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде табысталады.

Шет мемлекетке шығар алдында осы елдің Гаага Конвенциясына қатысушы болып табылатындығын және «апостиль» электрондық мөртабаны бар электрондық құжатты қабылдау мүмкіндігі туралы алдын ала нақтылауды ұсынамыз.

З. АБЗАЛОВА,
Жетісу облысы Әділет Департаменті коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу қызметі саласындағы бақылау бөлімінің бас маманы

ТІЛДІ ҚҰРМЕТТЕУ – ПАРЫЗ



Тіл – ұлттың ең басты құндылықтарының бірі. Ол халықтың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, дүниетанымын ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Сондықтан ана тілімізді құрметтеу – әр азаматтың қасиетті парызы.

Қазақ тілі – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан асыл мұрасы. Тіліміз арқылы біз ата-бабамыздың өсиетін, шешендік сөздерін, мақал-мәтелдерін және әдеби шығармаларын танып-білеміз. Ана тілін білу – өз тарихыңды, өз болмысыңды құрметтеу деген сөз.

Тілді құрметтеу тек оны білуімен шектелмейді. Қазақ тілінде таза әрі сауатты сөйлеу, дұрыс жазу, оны күнделікті өмірде қолдану – тілге деген құрметтің нақты көрінісі. Әсіресе жас ұрпақ ана тілінің қадірін түсініп, оның дамуына өз үлесін қосуы керек.

Қазіргі таңда бірнеше тіл білу – заман талабы. Өзге тілдерді меңгеру адамның білімін арттырып, мүмкіндігін кеңейтеді. Алайда қанша тіл білсек те, ана тіліміздің орны әрдайым бөлек болуы тиіс. Өйткені ана тілі – біздің ұлттық бірегейлігіміздің негізі.

Қорытындылай келе, тіл – халықтың жаны. Оны сақтау, дамыту және келер ұрпаққа жеткізу – баршамызға ортақ міндет. Ана тілін құрметтеу – туған елді, туған жерді және өз ұлтыңды құрметтеу. Сондықтан тіліміздің ардақтап, оның мәртебесін биіктету – әрқайсымыздың парызымыз.

Р. ОЛЖАҒАЛИ,
Талдықорған қаласының мамандандырылған тергеу соты әкімшісінің бас маман – сот отырысының хатшысы

ИЗМЕНЕНИЕ СДЕЛОК С НЕДВИЖИМЫМ ИМУЩЕСТВОМ

С 8 сентября 2026 года в Казахстане изменился порядок нотариального удостоверения сделок с недвижимым имуществом.

Теперь договоры купли-продажи, дарения, мены, залога и другие сделки, связанные с отчуждением или залогом недвижимости и подлежащие государственной регистрации, удостоверяются нотариусом по месту нахождения объекта.

Изменения направлены, прежде всего, на упорядочение и структурирование процесса оформления сделок с недвижимостью. Территориальная привязка позволяет выстроить более четкую взаимосвязь между объектом, нотариальным удостоверением сделки и последующей государственной регистрацией прав.

Кроме того, новый порядок призван повысить прозрачность и безопасность операций с недвижимостью, а также снизить риски мошеннических схем.

При этом территориальный принцип не ограничивает право граждан распоряжаться своим имуществом, находясь в другом регионе. Если собственник не может лично присутствовать по месту нахождения недвижимости, он вправе оформить доверенность на представителя, который совершит необходимые действия от его имени.

Например, если квартира находится в Астане, а ее собственник проживает или временно находится в Алматы, он может оформить доверенность на другое лицо. Представитель сможет провести сделку у нотариуса в Астане.

Таким образом, граждане по-прежнему могут продавать, дарить, обменивать или передавать в залог недвижимость через доверенных лиц, находясь в другом городе или регионе. Изменяется только место нотариального удостоверения самой сделки — теперь оно определяется местонахождением объекта недвижимости.

Новое требование распространяется исключительно на сделки с недвижимым имуществом и не затрагивает порядок совершения других нотариальных действий.

З. АБЗАЛОВА,
главный специалист отдела регистрации некоммерческих организаций и контроля в сфере регистрационной службы Департамента юстиции области Жетісу

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 36 (1299) 18.09.2026 Алатау

ҒИБРАТҚА ТОЛЫ 85

Құралай МУСАНОВА
«Алатау»

Құлтай Нұрқалбайұлы, тарих пен жақсылықтың жаршысындай 17 кітап жазып, шығарған үлкен еңбектің иесі редакцияға келіп: «Керемет хирург замандасым бар, өзі сондай қарапайым жігіт. Жақында 85 жасқа толады, әңгімелесші», - деп, редактордан рұқсат алып, мені Сыдықов Шаймерден Омарұлының үйіне ертіп барды.



Шаймерден Сыдықов

АЛҒАШҚЫ ОЙ-ТҮЙІН

Қарт дейтіндей емес, бойы ширақ ағамыз сабырлылығы сыр беріп тұрғандай байсалды қалыппен қақпа алдынан қарсы алды, амандық-саулықтан кейін үйге шақырды. Ер адамға жол беретін әдетіммен шегіншектей беріп едім, ағалар мені алдыға оздырды. «Қайран қазағымның қалып бара жатқан қарапайымдылығы осы кісілермен бірге кетпесе екен» деген тілекпен зәулім



Шаймерден Сыдықов жұбайы Гүлсім Ахметқызымен

сарайдай үйге имене басып кірдім. Күлімдей қарсы алған жеңгемізді көргенде қымсына, қаймыға басқан қадамым нықтала қалғандай болды. Жарасымды жұптың жадыраңқы жүздері онсыз да әсем үйді жайнатып тұрғандай екен. Үлкен кісілер көптен көріспеген болу керек, қауқылдаса амандасып, қал-жай сұрасып, қалжыңдарын айтысып жатыр. Оның үстіне біз тура туған күнінде, яғни 14 қыркүйек күні барыппыз. Туған күнмен құттықтап, аз-кем тілегімізді айттық. Гүлсім Ахметқызы ұстазға тән тыңғылықтығымен дайындап қойған сурет, кітаптарды Құлтай ағаға беріп жатты, екеуі газет бетіне жарияланатын суреттер таңдауға кірісті. Жылтыраған бет емес, жылы шырай, жылы сөзден көңіліме батылдық ұялап, стол басына орындықтар қойып, өзіме жұмыс орынын дайындап алдым. Біз, менің кейіпкерім екеуміз стол басына жайғастық. Мен алдымен өз өмірін баяндап беруді өтіндім.

САҒЫНЫШҚА ТОЛЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Аға аз-кем ойланып отырып барып:

- Менің туған жерім – Кемеращы деген ауыл. Қазір жоқ, жекеменшікке берілген болу керек. Әкем мені қырқымнан шығарып жатқанда әскерге шақырылыпты. Соғыс өрті тұтанған кез, содан хабарсыз кеткен әкемнің жылқышы ағасы Сыдықтың қолында қалдық. Мен сол кісінің атындамын, - деп бастады әңгімесін Шаймерден Омарұлы. Әкесінің аты шықпай қалды деген өкініші ме екен, көңілі толқып кетті және оны жасырмақ болды. Әрине, соғыс жылдары кімге оңай болды дейсіз, сол шақта өткен балалық шақты толқымай айту мүмкін де емес шығар? Әкесінің Сыдық ағасынан бөлек екі әпкесі болған екен - Орынтай және Жібек. Шаймерден Омарұлы кішкене ғана Кемеращыдан бастауыш білім алып, негізгі мектепті Жібек тәтесі тұрмысқа шыққан Жетісу колхозында оқыпты және онжылдықты сол жерде бітіріпті.

Жібек тәтесіне деген құрметі де ағаның дауыс ырғағынан байқалып тұрды. Тәтесінің бауырынан қалған жалғыз тұяққа ықыласы ерекше болғандығын қолыма түскен Шаймерден Сыдықовтың 2026 жылы Алматы баспасынан жарық көрген «Тағдыр тараулары» кітабынан білдім. Нұрбай жездесі мен тәтесі екеуі ерекше мейірім төккенге ұқсайды. 5-6 сыныпқа дейін өзі жуындырып, киімін тігіп, тамақтың дәмдісін аузына тосып өсірген «тәтесін» ерекше сағынған сияқты. Дауысынан діріл, жанарынан мөлдір тамшы байқалды. Балалық шақтың сағынышы адам есейген сайын арта түседі ма деймін, менің кейіпкерім анасы Ұлтуғанды да, асырап жеткізген Сыдық әкесі мен Жұмабике анасын да сағынғанын әңгімелесу барысында байқадым.

Кемеращы колхозын 1952 жылы алдымен Шымыр, Нұра ауылдарына қосып, Калинин колхозы жасапты, орталығы Шымыр болған екен. Кейін халыққа тау асып қатынау қиын болғандықтан, бірнеше ауылды біріктіріп, Кемеращыны да, Еркін ауылына қосқан көрінеді. Содан халықтың бәрін осы Еркінге көшіріпті. Осының бәрін есте сақтап, туған жерге деген сағынышын қоса отырып, бізге бүге-шігесіне дейін айтып бергенде, таңданысымды жасыра алмадым. 85 жасқа келсе де жады жарқын адаммен әңгімелесу де бір ғанибет екеніне көз жеткіздім.

ЖАҚСЫЛЫҚТЫ ҰМЫТПАЙТЫН ЖАН

Онжылдықты бітіргеннен кейін Талдықорған қаласындағы медициналық училищеге тәтесі әкеліпті. «Басында Талдықорған қаласын жөнді білмейтін едім, екі жылда қай жерде кітапхана бар, қай жерде дәмді ас ішетін орын бар, жақсы біліп алдық. Жақсы оқыдым», - дейді Шаймерден Омарұлы. Осы тұста Құлтай Нұрқалбайұлы да әңгімеге араласып: «Қыздарға барғаныңды айтпайсың ба?» - деп қалжыңдап қояды. Сабырлы жан күліп қойып: «Жоғары оқу орны болсын, арнайы орта білім беретін оқу орны болсын, бітіргеннен кейін қалаған жағыңа кете алмайсың. Ол кезде медицина саласының басқармасы Талдықорған қаласында болатын. Училищені бітірген соң, арнайы жолдамамен Фурманов колхозының Ключевое бөлімшесі (қазір «Қайнарлы» ауылы) фельдшерлік пунктіне жіберді, ылғи орыстар тұрады. 3000 халқы бар екі ауылда, Ключевое және Белокаменка шағын ауылдары, бір пункт. Онда екі жыл істеген соң, менімен бітірген Крупскийде, тағы басқа ауылдарда жұмыс істеп жүрген балалар жоғарғы



Ұлы Арман отбасымен

оқу орнына түсіп жатқан соң, мен де оқиын дедім. Бірақ менің тағы бір жыл фельдшер болып жұмыс жасауыма тура келді. Ол кезде үш жыл жұмыспен өтегеннен кейін медициналық институтқа конкурссыз оқуға түсуге болатын. Мені Фурманов колхозының, Абай колхозының отгондарындағы фельдшерлік пункткке фельдшер етіп жіберді, ол Үшкөлде болатын. Сол жерде бір жыл істегеннен кейін оқу орнына бардым, қағаздарымды өткіздім, сосын «оқуға түстің» деген жауап келді», - деп, жалғастырды әңгімесін.

Жоғарғы оқу орнына баруына әкесі қарсы болған көрінеді. Ауырып жүрген әкесі: «Балам, осы оқығаның жетеді. Ауылға келіп, жұмысыңды жалғастыр» депті. Осы тұста да үлкен кісі қатты толқыды. Сол кездегі әкесіне қарсы шыға алмай, оқуын да жалғастырғысы келіп, әрі-сәрі күй кешкені есіне түсті ме, әлде әкесінің ауырғаны жанына батқанын ойлады ма, дауысы дірілдей шықты. Біраз тоқтап барып, араға әкесі жақсы сыйлайтын қайынапасының баласын, яғни өзінің бөлесін салғаны туралы әңгімеледі:

- Ол кісі біздікіне келді, үйге кірмей тұрғанда «Аға, мені институтқа қабылдады, әкем «осы оқығаның жетеді» деп жібермей жатыр. Сіз сөйлесіңізші» дедім. Ол үйге кіріп, әкемнің қалын сұрап барып, «мына баланың бағын байлама,



Ұлы Асхат отбасымен

оқысын, қазір бәрі білімге қарап тұр» деді. Балдызының айтқанынан шыға алмады білем, әкем мені оқуға жіберді. Семейде алты жыл оқыдым, - деді аға.

Сонымен Семейдің медициналық институтына түскенін айтып, Шаймерден Омарұлы студенттік кезіне көп тоқталмады, мен алдымдағы естелік кітаптан біраз мағлұмат алдым: «Медицина институтындағы жылдар – менің өмірімдегі ең жарқын кезеңдердің бірі болды. Сол кезде жүрегімде таңдаған мамандығыма деген махаббат күннен-күнге арта түсті. Әрбір лекцияға, әрбір тәжірибелік сабаққа үлкен ынтамен баратынмын. Оқытушыларымыздың әрбір айтқан сөзі мен үшін, біз үшін алтынға пара-пар еді. Олар бізге тек білім ғана емес, дәрігерлік өнердің құпиясын, адам жанына деген жауапкершілікті үйретті.

Мен үшін кітапхана екінші үйім болды. қолыма түскен әрбір медициналық кітапты қызыға оқып, жаңа білім алуға асығатынмын. Әсіресе, адам ағзасының күрделі жүйелері мен ауруларды емдеу тәсілдері жайлы кітаптар мені ерекше баурап алды. Әр жаңа тақырып жаңа әлемдей ашылып, жүрегімде дәрігер болуға деген сенімімді күшейтті», - деп жазған екен. Мұнда қоғамдық жұмысқа да белсене араласқанын, ұстаздардың қамқорлық көрсете жүріп, біліммен сусындатқанын айтады ағамыз.

Жоғары оқу орнын біркісідей-ақ оқып, бітіреді. Бітірер алдында май айында Талдықорған облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Нұрғазиновқа келіп жолығады, «Биыл институт бітіремін. Әкем ауру, мен осы Талдықорғанда жұмыс жасағым келеді» деген. Орын жоқ деген соң, институт ректоры Тамара Александровнаға жолығады. Ол институттан дипломмен жолдама арқылы жұмысқа жіберетін де қазақ балаларына



Ұлы Анвар жұбайымен

көп көмектескен көрінеді. Кейіпкерімнің «Жақсының жақсылығын айтуды» да өзіне борыш санайтындығы көрініп тұр. 1969 жылы диплом қолға тигеннен кейін, Талдықорған облыстық денсаулық сақтау басқармасына келеді. Ол, Тамара Александровна Талдықорғанға қоңырау шалып қойған ба, облыстық маман бөліміндегі әйел облыстық ауруханада хирургқа орын жоқтығын айтқанымен, басқа жерден травматолог қызметін тауып беріпті. Кейіннен барып, Талдықорғандағы ауруханаға хирург-дәрігер болып орналасты. Дәрігерлердің бәрі дерлік өзге ұлт өкілдері, ауруханаының сол кездегі меңгерушісі – Аубакирова София Абдрахманқызы екен. Шаймерден Омарұлымен қатар Новосибирскіден оқу бітіріп келген талдықорғандық орыс жігіті де осы бөлімге жұмысқа келген көрінеді. Оны қолдаушылардың көптігінен үлкен оталарға көбіне сол жігітті кіргізіп, Шаймерден аға «соқыр ішек» сияқты кіші-гірім операциямен шектеліпті, оның өзінде орыс жігіті 100-шақты операцияға кіргенде, Шаймерден Омарұлы бір жылда



Ұрпақтары

жеті-ақ операция жасапты.

- Ең алғашқы операция жасағаныңыз есіңізде ме? – деп сұрадым мен.

- Мені кейін Қапал ауданына іссапармен жіберді. Сол кезде Қапалдың аржағындағы ауылдан әйел адам ауыр халде келіп түсті больницаға, ішектері оралып, ештеңе жүрмей қалған. Мен диагнозды өзім қойдым және бас дәрігерге: «Талдықорғаннан көмек шақырайық», - дедім. Ол кісі: «Жоқ, өзің жасайсың», - деді. Мен екі сағат дайындалып, тәуекелге басып кірісіп кеттім, бас дәрігер көмектесіп тұрды. Ол кезде наркоз жоқ, ауруды түтікпен демалдырады. Бір кезде бас медбике маскамен наркоз берді – ауруға маска кигізді да эфир құйды, дәрінің күші кетіп, пациент жыбырлай бастағанда басқа медбике тағы да дәрі құйып тұрды. Бір сағат жасадым, ішектің біразын кесіп алып тастадым. Кесілген жерден бір-біріне жалғап тіктім, облыстық больницада жасаған операцияны көргенім бар ғой, солай жасадым. Төрт күннен кейін облыстық ауруханадан адам шақырды, Деремей Яков Захарович – санавиацияның бастығы маған «Сен дұрыс жасамадың, мына ауру өлетін болды. Бізді шақыру керек еді" деп ұрысты. Олар келгенмен ештеңе жасаған да жоқ, кетіп қалды, меңгерушіге жамандап барыпты. Кейін облыстық ауруханаға телеграммамен қайта шақырды, өйткені мен Талдықорғандағы мүгедектердің есебін жүргізетінмін, соның санағын өткізу керек болды. Мен таңғы сегізде келгенде София Абдрахмановна ашулы қарсы алды, амандаспастан бірінші сұрағы – «Как больная?» болды. Мен: «Сегізінші күн болды, жібін шештім, қазір жүріп жүр» дедім, ол: «Победителя не судят» деп отыра кетті. Осыдан мен үшін қатты уайым жегенін байқадым. Сонымен талмай жұмыс істедім, тоғыз жылда «жоғары санатты хирург» атандым. Елдің бәрі бастық болғысы келеді, мен бастық болудан қаштым: біраз жыл сол больницада істегеннен кейін Талдықорған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы М.Талқыбаев облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшылығына шақырды, бармадым, өйткені білімімді жетілдіру керек болды, - деді өзіне қамқор болған жандарға риза болғанын мақтанышпен жеткізіп.

- 1976 жылы облыстық аурухана ашылды, - деп әңгімесін жалғады кейіпкерім. - Сол жылы Облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Нұрғазиновқа «Мен бастық болғым келеді» деп өзім бардым, мені облыстық ауруханаының бас дәрігерінің орынбасары – ұйымдастыру методикалық кабинетінің меңгерушісі етіп отырғызды. Онда тоғыз жыл істедім.

Сонан соң біздің Талдықорғанда қан құю орталығын ашатын болдық, оған дейін Қазақстан бойынша мұндай «Заманауи қан құю станциясы» Теміртау қаласында ғана болған. Нұрғазинов екеуміз сол кездегі обком партияға бардық, жоспарымызды көрсеттік, жобамызды қабылдады. Екі жылда салып бітірдім, яғни Қазақстан бойынша екінші бізде салдық. Сол жобаны кейін Жамбылдан келіп, көшіріп алып кетті. Мен сол орталықта 3 жыл басшылық еттім, хирургияны қатар алып жүрдім. Сонан соң облыстық ауруханаға бас дәрігер болып ауыстым. Онда да қызық болды. Сол орынға екі адам таласты, мен таласпадым. Жаңағылардың біреуін обкомпартия өткізбеді, біреуін ОДСБ жібермеді, соның арасында мен өтіп кеттім, - деп күлді. Мен жырдан қызық ертегі естігендей болдым.

Сол кездері облыста басшылықтағы адамдардың, олардың орынбасары болған адамдардың аты-жөндерінен және сол кездері тамаққа, дәріге бөлінген ақшалардың да, облыстық ауруханаының бөджетіндегі қаражаттың да есебінен жаңылмай айтқанына таң-тамаша қалдым. Сондағы тексерістерден таза шыққанын да, халықтың жағдайын ойлап 8 аптека ашқанын да («Аптека көп болса, дәрі арзан болады»), ол жерде тұтынушыларға қиянат жасалғанын көріп, бір ғана аптека қалдырып, басқасын жауып тастағанын да күні кеше басынан өткергендей етіп баяндап берді. Арасында Құлтай аға да әңгімеге араласып, көп жағдайдан хабардар екендігін білдіріп отырды. Мұнда істеген сегіз жылда талас-тартыс, тексерістен-тексеріс, қудалаушылық көре жүріп, инсульт алып, ауруханаға түседі. Емделгеннен кейін, сол кездегі ОДСБ бастығы Дүйсекеев орынбасарлыққа шақырыпты. Шаймерден Омарұлы Облыстық денсаулық сақтау бөлімі басшысының орынбасары қызметін төрт жыл атқарғаннан кейін зейнеткерлікке шыққан.



Арман, Анвар, Асхат және кішкентай Айжан мен Айнұр

- Өзіңіз операция жасаған адамды кейін жолықтырған, таңданған сәттеріңіз болды ма? – деп сұрадым.

- Мен өзім ота жасаған емес, Аубакирова София Абдрахмановна ота жасап, мен көмектесіп тұрған бір жігіт есімде қалыпты. Молалының жігіті, әкесі – қазақ, шешесі – кореянка. Остеомиелит деген ауру, сүйегі іріңдейді. Гемотогенный остеомиелит. Мұндай ауруды «адам болады» деп ойламайсың, сандардың кесілмеген жері жоқ, қолы да, денесінің бірталай жері де кесілді. Мен отадан кейін қарап жүрдім, дәкесін қайта таңып беретінмін, бізде біраз жатып шықты.

Бірнеше жылдан кейін базар жақтан қалалық ауруханаға бара жатқам, артымнан бір жігіт ағалап шақырады. Қарасам, еңгезердей жігіт. Келе құшақтап, «Танымадыңыз ба мені? Маған Аубакирова екеуіңіз ота жасап едіңіздер ғой, қазір футбол ойнап жүрмін» дейді. Өзін сол жігітпін сөйтіп зейнеткерлікке шықтым.

Қолыңнан келгенін жасау керек. Зейнеткерлікке шыққан соң үйдемін, Қазпоштаның бастығы үйге келіпті: «Аға, «Жәрдем» газетіне директор керек», - деді. Бардым, журналистер жазады, менің жұмысым – оқырмандар жинау. Жеті мың адам жаздырдым, бірақ көп істемедім, екі жылдан соң кеттім. Сол!

Қазір менің қолымнан келетіні – немерелер қарау, үлкендерімен әңгімелесу, кішілерін ойнату. Көктемде, күзде тал кесу. Азын-аулақ бау бар, соған күтім жасаймын. Кемпірім дәмдеп берген шайын шүйіркелесіп отырып ішеміз. Демаламыз.

Шынында сыртқы аула демалыс орны сияқты, жағалай отырғызылған қарағай ерекше күтімде екен және адамға ерекше тыныштық сыйлайды. Бұл үй салынған жер дауы да біраз әңгіме болды.

Сыдықов Шаймерден Омарұлының зайыбы, Оқу-ағарту ісінің үздігі Гүлсім Ахметқызымен стол басында әңгімелестік. Семей педагогикалық институтының физика-математика факультетін



Шөберелері Абдукарим, Әділет, Абдулла

деп таныстырғанда таң қалдым. София Абдрахмановнаның шеберлігі ғой! Ол сол жерде отырып-тұрып, өзінің біздің арқамызда тірі жүргенін ғана емес, денсаулығының жақсы болғандығын айтты. Ризашылығын білдірді. «Ой, көп жаса, айналайын!» дедім.

- Соңғы жасаған отаңыз есіңізде ме?

- Жоқ, есімде жоқ.

- Қолдарыңыз қайта скальпел ұстағанын қалар ма едіңіз?

- Жоқ, менің ұстанымым – уақыты келді ма, ол жерден кету керек. Мен жасым зейнеткерлікке жеткен күні кетуге арыз жаздым. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Болат Садықов болатын, ол «Қазір тексеріс болып жатыр, содан өтіп алайын, сонан соң жіберемін деді. Айтқанындай тексеру біткеннен кейін, бірден жіберді, бітіріпті, мектепте, колледжде сабақ беріп, зейнеткерлікке шыққан көрінеді. Екеуі өздерінің балалары, немерелері жайлы мақтанышпен жарыса айтты. Бәрі оқыған, жоғары білікті маман иелері. Сыртта болса да ата-анасын қараусыз қалдырмай, апта сайын келіп, жағдайларын біліп, керек-жарақтарын алып беріп кететін көрінеді. Отбасы тәрбиесі деген осы болар.

«Жақсымен өткізген жарты сағат – жаманның өтіп кеткен ғұмырындай» деп, әңгімелеріне қонақжайлылығына рахмет айтып, Құлтай Нұрқалбайұлы екеуміз зор ризашылықпен қайттық. Осындай отбасымен, аяулы жандармен танысуыма септігін тигізген Құлтай аға сияқты жанға да алғысым шексіз!

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 36 (1299) 18.09.2026 Алатау

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ДӘУІРІНДЕГІ СОТ

Сот саласындағы цифрлық трансформация — бюрократиялық кедергілерді жоюға, процестердің ашықтығын қамтамасыз етуге және сот төрелігінің халыққа қолжетімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам. Қазақстанда бұл бағыт әлемдегі озық тәжірибелердің қатарында.

Қазақстанның сот жүйесінде процестерді автоматтандыратын бірнеше маңызды цифрлық экожүйе жұмыс істейді:

«Сот кабинеті» - Азаматтар мен заңды тұлғаларға арналған бірыңғай онлайн платформа. Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы тіркеліп, үйден шықпай-ақ талап арыздарды, өтініштер мен шағымдарды жолдауға болады.

«Төрелік» ақпараттық жүйесі: Сотқа келіп түскен істердің цифрлық форматта өңделуін, судьяларға автоматты түрде бөлінуін және құжат айналымын басқарады. Қашықтықтан сот отырыстары: Бейнеконференцбайланыс технологиялары арқылы істерді онлайн форматта қарауға және қашықтан қатысуға мүмкіндік береді

Қағазсыз құжат айналымы: Мемлекеттік баж салығын онлайн төлеуге, сот актілері мен хабарламаларды электронды түрде алуға жол ашылды.

Істі бақылау мүмкіндігі: Тараптар өз істерінің қаралу барысын онлайн режимде қадағалап отырады.

Сыбайлас жемқорлықты азайту: Істерді судьяға цифрлық бағдарламаның автоматты түрде бөлуі адами факторды барынша азайтады

Қазіргі таңда сот жүйесіне жасанды интеллект (ЖИ) элементтері, смарт-жүйелер мен үлкен деректерді талдау (Big Data) енгізілуде. Бұл құқық қорғау және сот саласының тиімділігін еселеп, сот орындаушыларының жұмысын цифрландыру арқылы халықтың қаржысын үнемдеуге ықпал етеді.

Сот төрелігінің ашықтығын арттыру, процестерді жеделдету және азаматтар үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында электрондық сот инфрақұрылымын жетілдіруге басымдық беруде. Бұл бағыттағы цифрлық трансформация құқықтық жүйенің тиімділігін арттырып қана қоймай, бюрократиялық кедергілерді азайтуға да ықпал етеді.

Сонымен қатар көтеріліп отырған жасанды интеллект тақырыбы да ерекше маңызға ие. ЖИ технологиялары сот және құқық саласында қосымша көмекші құрал ретінде қолданылып, деректерді талдау, құжат айналымын оңтайландыру және шешім қабылдау үдерістерін қолдауға мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл технологиялар адам факторының орнын баспай, тек процестерді жетілдіретін құрал ретінде қарастырылуы тиіс.

Осылайша, цифрландыру мен инновациялық технологияларды енгізу жаңа деңгейге көтеріп, құқықтық, экономикалық және технологиялық интеграцияны тереңдетуге жол ашады.

Л. Жапашева,
Жетісу облысы Талдықорған қаласының мамандандырылған тергеу сотының бас маманы

ЖЕМҚОРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІККЕ ДЕГЕН СЕНІМДІ ӘЛСІРЕТЕДІ

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық тек қана мемлекеттер үшін емес, бүкіл адамзат баласы үшін күрделі проблемаға айналды. Бұл құбылыс қоғамның тұрақтылығына, экономиканың дамуына, әрі ұрпақ болашағына кері әсерін тигізуде. Әрбір өркениетті мемлекет сыбайлас жемқорлықты жоюды басты мақсаттарының біріне айналдырды. Қазақстан Республикасының Президенті еліміздегі сыбайлас жемқорлықпен күрестің маңыздылығын бірнеше рет атап өтіп, қоғамда әділдік пен адалдықты орнатуға үлкен күш салуды тапсырды.

Сыбайлас жемқорлық — бұл тек мемлекеттік құрылымдарды ғана емес, қоғамның рухани әрі моральдық тұтастығын бұзатын кесел. Ол адамдардың өзара сенімін жояды, әлеуметтік әділеттілікті бұзады, ал ең маңыздысы — ұрпақ тәрбиесіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек құқықтық реформалармен шектелмей, қоғамның өз ішіндегі сана мен моральға, әр адамның жеке жауапкершілігіне негізделуі керек.

Елімізде сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған мемлекеттік шаралар күшейтілгенімен, оны толықтай жою үшін тек заңдарды қатаңдату жеткіліксіз. Әрбір мемлекеттік қызметкер мен қарапайым азамат өз ісіне адал әрі жауапты қарауы тиіс. Себебі, мемлекет — бұл барлық азаматтардың біртұтас жүйесі, оның жұмысы мен тиімділігі әрбір адамға байланысты. Осы себепті әрқайсымыз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өз үлесімізді қосып, қоғамда әділеттілік орнатуға күш салуымыз керек.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу тек мемлекеттік органдардың міндеті ғана емес, бұл — әрбір азаматтың азаматтық парызы. Әділдік пен адалдықтың орнауы үшін мемлекет пен қоғам бірлесе отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруы керек. Тек сол жағдайда ғана біз сыбайлас жемқорлықты жойып, әділ қоғамды қалыптастыра аламыз. Еліміздің жарқын болашағы үшін, сыбайлас жемқорлықты жою — біздің ортақ міндетіміз!

Б.Жаманбалина,
Талдықорған қаласының мамандандырылған тергеу соты әкімшісінің басшысы

ТІЛДІ ҚҰРМЕТТЕУ – ПАРЫЗ

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ. ОЛ ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХЫН, МӘДЕНИЕТІН, САЛТ-ДӘСТҮРІН, ДҮНИЕТАНЫМЫН ҰРПАҚТАН ҰРПАҚҚА ЖЕТКІЗЕДІ. СОНДЫҚТАН АНА ТІЛІМІЗДІ ҚҰРМЕТТЕУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗЫ.

Қазақ тілі – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан асыл мұрасы. Тіліміз арқылы біз ата-бабамыздың өсиетін, шешендік сөздерін, мақал-мәтелдерін және әдеби шығармаларын танып-білеміз. Ана тілін білу – өз тарихыңды, өз болмысыңды құрметтеу деген сөз.

Тілді құрметтеу тек оны білумен шектелмейді. Қазақ тілінде таза әрі сауатты сөйлеу, дұрыс жазу, оны күнделікті өмірде қолдану – тілге деген құрметтің нақты көрінісі. Әсіресе жас ұрпақ ана тілінің қадірін түсініп, оның дамуына өз үлесін қосуы керек.

Қазіргі таңда бірнеше тіл білу – заман талабы. Өзге тілдерді меңгеру адамның білімін арттырып, мүмкіндігін кеңейтеді. Алайда қанша тіл білсек те, ана тіліміздің орны әрдайым бөлек болуы тиіс. Өйткені ана тілі – біздің ұлттық бірегейлігіміздің негізі.

Қорытындылай келе, тіл – халықтың жаны. Оны сақтау, дамыту және келер ұрпаққа жеткізу – баршамызға ортақ міндет. Ана тілін құрметтеу – туған елді, туған жерді және өз ұлтыңды құрметтеу. Сондықтан тіліміздің ардақтап, оның мәртебесін биіктету – әрқайсымыздың парызымыз.

Р. Олжағали ,
Талдықорған қаласының мамандандырылған тергеу соты әкімшісінің бас маман – сот отырысының хатшысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

29.10.2026 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Шығыс өнеркәсіптік аймағы, Центральная көшесі, 19-Құрылыс мекенжайы бойынша, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Шығыс өнеркәсіптік аймағы, Центральная көшесі, 19-Құрылысында орналасқан "Стальбетон" ЖШС өндірістік базасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Стальбетон» ЖШС, БСН 220340010588, мекенжайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Шығыс өнеркәсіптік аймағы, Центральная көшесі, 19-Құрылыс. Тел. 87786117080, bagi_zhann@mail.ru. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. «Құрманғалиев» ЖК, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, priroda@zhetisu.gov.kz. Тел. 8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

29.10.2026г, в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, г.Талдыкорган, Промышленная зона Восточная, улица Центральная, строение 19, будут проводиться общественные слушания по Производственной базе ТОО «Стальбетон» расположенного по адресу: область Жетісу, г.Талдыкорган, Промышленная зона Восточная, улица Центральная, строение 19.

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Стальбетон», БИН 220340010588, адрес: область Жетісу, г.Талдыкорган, Промышленная зона Восточная, улица Центральная, строение 19. тел. 87786117080, bagi_zhann@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz. Тел. 8(7282)329267, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

ХАБАРЛАНДЫРУ

30.10.2026 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Ақын Сара ауылы, Біржан Сал көшесі 22 мекенжайы бойынша «Жетісу облысы Ескелді ауданында орналасқан "Асылтас" кен орнында құрылыс тасын өндіру кезінде бұзылған жерлерді рекультивациялау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Gefest Trade Ltd» ЖШС, БСН 140540004444, мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 105 үй. Тел.87013495537, rotova_galina@mail.ru. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, priroda@zhetisu.gov.kz. Тел.8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

С 30.10.2026г, в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Ескельдинский район, село Акын Сара, улица Біржан Сал 22 будут проводиться общественные слушания по рабочему проекту «Рекультивация земель, нарушенных при добыче строительного камня на месторождении «Асылтас», расположенном в Ескельдинском районе области Жетісу».

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Gefest Trade Ltd», БИН 140540004444, адрес: г.Алматы, Медеуский район, проспект Достык, дом 105, тел.87013495537, rotova_galina@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz. Тел. 8(7282)329267, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

ХАБАРЛАНДЫРУ

29.09.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz. сайтында Жетісу облысы Ескелді ауданында орналасқан "Асылтас" кен орнының құрылыс тас карьерін жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Gefest Trade Ltd» ЖШС, БСН 140540004444, мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 105 үй. Тел.87013495537, rotova_galina@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, priroda@zhetisu.gov.kz., Тел. 8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

С 29.09.2026г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации карьера строительного камня месторождения «Асылтас», расположенном в Ескельдинском районе области Жетісу.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Gefest Trade Ltd», БИН 140540004444, адрес: г.Алматы, Медеуский район, проспект Достык, дом 105, тел.87013495537, rotova_galina@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz., Тел. 8(7282)329267, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

Бейсенбі - Четверг, 24 қыркүйек

ХАБАР

05.00,02.30 ҚР Әнұраны
05.00 Концерт
07.00 «Оян!»
09.00, 19.00 «Ақ жеңге»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
12.00 «Ойнайық»
13.00 «Өзекті»
13.30 «Шашу»
15.00,20.00 «Келінжан»
16.00 Кино
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.00 Телесериал

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Цепляясь за лед»
07.00 «Забудь и вспомни»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.25 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.40«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Васька»
02.40 Сериал «Знахарь»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.35 «Өнім сен едің»
08.10 «Закира», отандық телехикаясы
09.10 Вечерние новости
10.00 «Пламя жизни»
12.20, 23.20 Сериал «Агенты справедливости»
14.50 «Битва экстрасенсов реванш»
16.30 Сериал «Певица»
18.30 Сериал «Пламя жизни»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
01.30 Сериал «Певица»
03.20 Сериал «Қайсар қыз»
04.20 «Закира»
05.00 «Өнім сен едің»
05.30 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Біздің бренд»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.05 «Шашу» /тікелей эфир/
13.00 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Тиын мен түйін»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Туысқанның үйіне бармаймын»
17.00 «Әу» де» /тікелей эфир
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.35 Д/ф «Су»
20.00 «Осы пас па?»
20.10 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Таза мекен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Үздіктер кітабы»
22.40 «Әсем әуен»
23.10 «Біздің толқын»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
08.00, 04.20 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.40 «Ризамын»
07.00, 20.00 информбюро (рус., каз.)
08.00,05.20 «Күліп ал»
08.00, 02.30 «31 әзіл» ойын-сауық
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
10.10 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11.00 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
11.50,23.10 худ. фильм «Сен болмасаң»
12.30 «Десант көкпен сырласу»
13.00 худ. фильм «Три икса-2 новый уревень»
15.30 худ. фильм «Перевозчик-3»
18.00 худ. фильм «Перевозчик наследие»
21.00 худ. фильм «Жажда смерти»
23.50 худ. фильм «Айлакер»
03.20 «Time Vine» ойын-сауық
03.40 «Тик ток» ойын-сауық
04.00 «What's up?» ойын-сауық
04.40 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.50 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

05.30 «Q-елі»
06.00 «Әкесің баласы»
07.00 Телехикая «Махаббат дерті»
09.30,13.00 Новости
09.40, 16.00,18.30,02.20Телесериал
11.10 Телехикая «Мың рет сүйдім»
13.10,00.20 «ИП Тәттібаева»
14.40 «Әзілің жарасса»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 сериал «Запретная любовь»
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
02.40 «Қыздарай»
03.05 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
03.35 Тазалық уақыты
04.15 «Әсекшілер»
04.55 Жарқыраған жұлдыз

Жұма - Пятница, 25 қыркүйек

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00 Концерт
07.00 «Оян!»
09.00, 15.00 Т/х «Ақ жеңге»
10.00, 21.00 Т\х «Алданған тағдыр»
12.00 «ОйнаIQ»
13.00 «Цифровой код»
13.30 Т/х «Шашу»
16.30 Кино
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 Кешрек
00.10 сериал «Ловушка»
01.00 Телесериал

ЕВРАЗИЯ

06.00 Сериал «Цепляясь за лед»
07.00 Сериал «Забудь и спомни»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.30 «Доброе утро, Казахстан»
11.05«Модный приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся!»
14.10 Жаңалықтар
14.25 Новости
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 02.50 Басты жаңалықтар
19.00, 03.45 «Koremiz show»
20.00 Главные новости
20.30 «Құрылтай online»
21.00 «Поле чудес»
22.30 Сериал «Дела житейские-4»
03.10Басты жаңалықтар
03.45 Көреміз

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35 «Өнім сен едің»
08.10, 04.20 «Закира» отандық т/х
09.10 Вечерние новости
10.00, 18.30 Сериал «Пламя жизни»
12.20, 23.20 Сериал «Агенты справедливости»
14.50, 21.40 «Битва экстрасенсов. Реванш»
16.30, 01.50 Сериал «Певица»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
03.20 «Қайсар қыз» отандық т/х
05.00 «Өнім сен едің»
06.05 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Таза мекен»
10.55 10-блок
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Осы пас па?»
11.20 «Әсем әуен»
12.00 «Әу» де»
13.00 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Тиын мен түйін»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Үздіктер кітабы»
17.00 «Тарлан»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 «Дін мен дәстүр»
18.35 «Әсем әуен»
19.40 Д/ф «Цена агрессии»
20.00 «Сергек»
20.10 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Сергек»
21.10 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Шашу»
22.45 «Тілашар»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.20 «Әзіл студио»
06.30, 05.20 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 01.40 «Күліп ал»
08.20 Т/х« Математика+Музыка = Махаббат»
09.00 М\с «Губка Боб в 3D»
10.30 М\с «Пингвины Мадагаскара»
11.00 М\с «Черепашки-ниндзя»
12.00 Т/х «Сен болмасаң»
12.40 х/ф «Дсант. Көкпен сырласу»
13.20 х/ф «Перевозчик: Наследие»
15.40 х/ф «Подводный капкан»
17.40 х/ф «ИП МАН»
21.00 х/ф «Джек Райан: Теория хаоса»
23.50 х/ф «Жажда смерти»
03.20, 05.00 «Time Vine»
03.40 «TikTok show»
04.00 «What's up?»
04.40 «1001 әзіл»
04.50 «Bala BATTLE»
05.40 «Күліп АІІ»

7 КАНАЛ

05.30 Т/х «Q-елі»
06.00 Т\х «Әкесінің баласы»
07.00 Т/х «Махаббат дерті»
09.30, 13.00 Новости
09.40, 16.00, 18.30, 02.10 Т/с
11.10, 00.20 Т/х «Мың рет сүйдім
13.10 х/ф «ИП Тәттібаева»
14.10 «Әзілің жарасса»
18.00 Жаңалықтар. Тікелей эфир
19.30 Новости. Прямой эфир
20.00 Сериал «Запретная любовь»
22.00 Сериал «Далекий город»
23.10 Т/х «Иффет»
02.20 «Қыздар-ай»
03.05 Әйгерім Сефолланың сырласуы
03.35 Тазалық уақыты
04.15 Телесериал

Сенбі - Суббота, 26 қыркүйек

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Cower show»
06.00 Концерт
08.30 «Балам үшін»
09.00 «Азамат»
10.00 Т/х «Алданған тағдыр»
11.00, 12.30 Мультфильм
13.45, 23.00 Боевик
15.00, 19.00 Тұсаукесер! «Жекпе-жек»
16.30 Т/х «Ақ жеңге»
22.00 «7 күн»
22.40 Жұмыр жер
00.40 Телесерил

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Qaimaq»
07.25 Главные новости
08.00 «Құрылтай онлайн»
08.30 Т/х «Сезім толқыны»
10.45 «Поле чудес»
12.20 Х\ф «Что такое счастье?»
13.00 сериал «Дела житейские-4»
17.30 «Точь-в-точь»
20.00 Basty prime
20.50 Сериал «Мимо тещиного дома»
01.45 Ночной к/т «Инфант»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 05.50 «Өнім сен едің»
07.50, 01.00 «Было дело» д/д
09.10 Вечерние новости
10.00,02.40 Нұрсұлтан Нұрбердиевтің ән кеші
12.30 «Жат ұя» отандық т/х
14.00 Сериал «Однажды в Чукурова»
16.00 «Битва экстрасенсов. Реванш»
21.00 Сериал «Семья на год»
04.50 «КТК қоржыны

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Сергек»
10.40 «Әсем әуен»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Сергек»
11.20 «Әсем әуен»
12.00 «Тілашар»
13.00 «Дін мен дәстүр»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Агро аймақ»
15.00 «Аман болайық»
15.35 «Әсем әуен»
16.40 Д/ф «Игры со смертью»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Домбыра»
18.40 «Әсем әуен»
19.00 «Білім мен білік»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 «Әке»
20.30 «Апта» (қаз)
21.30 «Апта» (рус)
22.30 Д/ф «Менің елім»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.40 «Әзіл студио»
07.00, 10.40 «Күліп АІІ»
07.30 «Тәтті шоу»
08.30 М\с «Губка Боб»
09.30 М\с «Черепашки-ниндзя»
10.00 «Готовим» с Адель
10.40 Д/ф «Киіктер. Даладағы қақтығыс»
11.25, 04.20 «TikTok show»
11.50, 04.00 «Time Vine»
12.00 Т/х «Десант. Көкпен сырласу»
13.10 Кино «Сен болмасаң»
14.25 Т/х «Младенец на прогулке»
16.45 Х/ф «Звериполис»
19.10 Кино «Круиз по Джунгям»
22.00 Х/ф «Люди икс. Первый класс»
00.00 Х\ф «Жертва во имя любви»
03.20 «31 әзіл»
05.00 «1001 Әзіл»
05.10 «Bala Battle»
05.30 «Whats up?»

7 КАНАЛ

05.20 ҚР Әнұраны
05.50 Т\х «Әкесінің баласы»
06.50 Т/х «Махаббат дерті»
08.50, 18.00, 02.40 Т/с
13.20 Әзілің жарасса
15.40 Т/х «Батыр из прошлого»
20.00 Сериал «Запретная любовь»
22.10 Сериал «Далекий город»
23.10 Т/х «Иффет»
00.10 Х/ф «Обвинитель»
03.40 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
04.40 Тазалық уақыты

Жексенбі - Воскресенье, 27 қыркүйек

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Cower show»
05.30 Концерт
09.30 Арнайы репортаж
10.00, 21.00 Т/х «Алданған тағдыр»
11.00 «Өмір өрнегі»
12.00 М/с «Белка и Стрелка. Озарная семейка»
13.15 Мультфильм
14.45 Боевик
16.30 т/х «Ақ жеңге»
19.00 Концерт
22.00 «7 күн»
22.40 Глобальные события
00.15 Телесериал

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.30 «Qaimaq»
07.35 Basty prime
08.35 Т/х «Сезім толқыны»
11.05 «Пусть говорят»
12.45 Сериал «Мимо тещиного дома»
17.40 Х/ф « Легенды наших предков»
20.00 «Аналитика»
20.50 Сериал «Муж моей мечты»
01.40 Команды

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 03.50 «Ақсұңқар арман» Роза Рымбаева
08.30 «Было дело»
10.30 «Реформа»
11.00 «Алдараспан»
12.30 « Жат ұя» отандық т/х
14.00 сериал «Однажды в Чукурова»
16.00 «Битва экстрасенсов. Реванш»
17.30 Сериал «Семья на год»
21.00 Портрет недели
22.00 «Битва экстрасенсов. Реванш»
23.50 «Было дело» д/д
01.50 «Реальная мистика
05.40 «Өнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
17.30 «Әсем әуен»
09.00 «Апта» (қаз)
10.00 «Апта» (рус)
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.00 «Біздің толқын»
13.00 «Білім мен білік»
13.40 «Әке»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Біздің бренд»
15.00 «Шашу»
16.15 «Әсем әуен»
16.40 Д/ф «Дара»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Жетісу әуендері»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Тарлан»
20.30 «Кітап»
21.00 «Угәгәй melody»
22.00 «Әсем әуен»
22.30 Д/ф «Стражи звёзд»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 05.10 «Әзіл студио»
07.00, 02.50 «31 әзіл»
08.00 «Тәтті шоу»
08.30 М\с «Губка Боб»
08.50 М\с «Черепашки-ниндзя»
09.20 «Готовим» с Адель»
10.00 «TeleBingo»
10.30 Д/ф «Құм сақшылары»
11.30, 03.50 «TikTok show»
11.30 «Күліп АІІ»
12.00 Т/х «Десант. Көкпен сырласу»
13.10 Кино «Сен болмасаң»
14.20 Х/ф «Звериполис»
17.00 Х/ф «Круиз по Джунглям»
19.50 Х/ф «Люди икс: Первый класс»
22.40 Х/ф «Дивергент, глава-2: Инсургент»
01.20 «Bizdin show»
04.10 «Time Vine»
04.30 «1001 әзіл»
04.40 «BALA BATTLE»
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

05.20 ҚР Әнұраны
05.30 Т/х «Q-елі»
05.50 Т/х «Әкесінің баласы»
06.50 Т/х «Махаббат дерті»
08.50,18.00,02.40 Т/с
13.20 «Шымкент шоу»
15.20 Х/ф «Обвинитель»
20.00 сериал «Запретная любовь»
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 Т/х «Иффет»
00.10 «Әзілің жарасса»
03.10 Әйгерім Сефолланың сырласуы
04.40 Т/х «Әсекшілер»

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 36 (1299) 18.09.2026 Алатау

ВЕЛИКИЙ КОРМЧИЙ

МАО ЦЗЭДУН УМЕР РОВНО ПОЛВЕКА ТОМУ НАЗАД 9 СЕНТЯБРЯ 1976 ГОДА. БАЛЬЗАМИРОВАННОЕ ТЕЛО МАО БЫЛО ПОХОРОНЕНО 18 СЕНТЯБРЯ ТОГО ЖЕ ГОДА. ПРОШЛО ПОЛВЕКА. 50 ЛЕТ КАК НЕ СТАЛО ВЕЛИКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ СОСЕДНЕГО КИТАЯ , ЧЬЕ ИМЯ ПОМНИТ ИСТОРИЯ, А ТАКЖЕ ЛЮДИ, КОТОРЫЕ ЖИЛИ ВО ВРЕМЯ ПРАВЛЕНИЯ ОСНОВАТЕЛЯ КИТАЙСКОЙ КОММУНИСТИЧЕСКОЙ ПАРТИИ. ЕГО ИМЯ БЫЛО ИЗВЕСТНО МНОГИМ СТРАНАМ, С КОТОРЫМИ КИТАЙ ИМЕЛ ДРУЖЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ, ОСОБЕННО С СОВЕТСКИМ СОЮЗОМ С КОММУНИСТИЧЕСКИМ СТРОЕМ, ГДЕ ПО ПРОГРАММЕ КОМПАРТИИ ГОСПОДСТВОВАЛА ВЛАСТЬ ПРОЛЕТАРИАТА И КРЕСТЬЯНСТВА. ВОТ ЧТО ПИШЕТ САЙТ СМИ 24 О БИОГРАФИИ ВЕЛИКОГО КОРМЧЕГО,СОЗДАВШЕГО КОММУНИСТИЧЕСКУЮ РЕСПУБЛИКУ В КИТАЕ.


Иосиф Сталин и Мао Цзэдун

МАО ОДИН ИЗ ТЕОРЕТИКОВ КОММУНИЗМА XX ВЕКА

Родился будущий политик 29 декабря 1893 года в южной провинции Китая. Родители мальчика были неграмотными крестьянами. Отец Мао Шуньшэн был мелким торговцем, он перепродавал в городе рис, который собирали в деревне. Мать Вэнь Цимэй была верующей буддистской. От неё мальчик воспринял тягу к буддизму, но вскоре после знакомства с работами передовых политических деятелей прошлого стал атеистом. В детстве он посещал школу, где изучал основы китайского языка, а также конфуцианство.

В 13 лет мальчик, в связи с разногласием с отцом по поводу нежелательной женитьбы, покидает дом. Революционное движение 1911 года, во время которого была свергнута династия Цин, внесло свои коррективы в жизнь юноши. Он провёл шесть месяцев в армии на службе в качестве связиста. После установления мира Мао Цзэдун продолжил своё обучение сначала в частной школе, а затем в педагогическом училище.

МАО ЦЗЭДУН В МОЛОДОСТИ

В 1918 году по приглашению своего учителя талантливый юноша переезжает в Пекин для работы в столичной библиотеке и продолжения своего образования. Там он знакомится





с основателем Коммунистической Партии Китая Ли Дачжао и становится последователем идей коммунизма и марксизма. Помимо классических трудов по идеологии масс молодой человек знакомится еще и с радикальными работами П. А. Кропоткина, в которых раскрывается суть анархизма.

Происходят и изменения в его личной жизни: молодой Мао встречает девушку по имени Ян Кайхуэй, которая становится впоследствии его первой супругой

В эти годы он изучает труды европейских философов и великих политиков. Следующие несколько лет Мао путешествует по стране. Везде он сталкивается с классовой несправедливостью, но окончательно утверждается в коммунистических идеях лишь к концу 1920 года. Мао приходит к выводу, что для изменения ситуации в стране потребуется революция по типу русского октябрьского переворота. После победы большевиков в России Мао становится последователем идей ленинизма. Он создаёт ячейки сопротивления во многих городах Китая и становится секретарем Китайской компартии. В это время коммунисты активно сближаются с партией Гоминьдан, которая занимается пропагандой национализма. Но уже спустя несколько лет КПК и гоминьдановцы становятся непримиримыми врагами.

СОЗДАНИЕ КОММУНИСТИЧЕСКОЙ РЕСПУБЛИКИ

В 1927 году в области города Чанша Мао организует первый переворот и создает Коммунистическую Республику. Лидер первой свободной территории опирается прежде всего на крестьянство. Он проводит реформу собственности, уничтожая частную, а также наделяет женщин правом голоса и работы. Мао Цзэдун становится большим авторитетом среди коммунистов и, пользуясь своим положением, устраивает через три года первую чистку.

Репрессиям подвергаются его соратники, которые занимаются критикой деятельности партии, а также правления советского лидера **Иосифа Сталина.** Было сфабриковано дело о подпольной шпионской организации и расстреляно много её мнимых участников. После чего Мао Цзэдун становится главой первой Китайской Советской Республики. Целью диктатора теперь становится установление советского порядка по всей территории Китая.

Настоящая гражданская война развернулась на территории всего государства и длилась более 10 лет до полной победы коммунистов. Противниками в ней выступали сторонники национализма, пропагандой которого занималась партия Гоминьдана во главе с Чан Кайши, и приверженцы коммунизма, опирающиеся на большие ряды крестьянства. Несколько стычек произошло между военными отрядами идеологических противников в Цзингане. Но в 1934 году после поражения Мао Цзэдуну пришлось покинуть эту область вместе со стотысячным отрядом коммунистов.

Пережив военную кампанию Японии против Китая, в борьбе с которой армии КПК и Гоминьдана пришлось объединить свои усилия, они вновь продолжили войну между собой. Со временем, окрепнув, войско коммунистов одержало победу над партией Чан Кайши и оттеснило их на территорию Тайваня.

РЕВОЛЮЦИОННАЯ БОРЬБА

Произошло это в конце сороковых, и уже в 1949 году на всей территории Китая была провозглашена Китайская Народная Республика, во главе которой стал Мао Цзэдун. В это время происходит сближение двух коммунистических лидеров: Мао Цзэдуна и Иосифа Сталина. Руководитель СССР оказывает всяческую поддержку своим китайским товарищам, посылая в КНР лучших инженеров, строителей, а также военную технику.

РЕФОРМЫ МАО

Эпоху своего правления Мао Цзэдун начал с теоретического обоснования идеологии маосизма, основателем которого он являлся. В своих трудах лидер государства описывает китайскую модель коммунизма как строй, который опирается прежде всего на крестьян и на идеологию великокитайского национализма.

В первые годы КНР самыми популярными лозунгами стали «Три года труда и десять тысяч лет благоденствия», «За пятнадцать лет догнать и перегнать Англию». Эта эпоха носила название «Ста цветов».

В своей политике Мао придерживался тотальной национализации всей частной собственности. Он призывал организовывать коммуны, в которых было общим все, начиная от одежды, заканчивая едой. Пропагандируя быструю индустриализацию страны, в Китае создают домашние доменные печи по выплавке металла. Но такая деятельность оказалась провальной: аграрное хозяйство стало терпеть убытки, что привело к тотальному голоду в стране. А некачественный металл, который делали в домашних домнах, часто становился причиной крупных поломок. Это оборачивалось гибелью большого количества людей. Но настоящее положение дел в стране тщательно скрывали от китайского вождя.

ХОЛОДНАЯ ВОЙНА

Начинается раскол в высших эшелонах власти, который усугубляется смертью Иосифа Сталина и охлаждением во взаимоотношениях Китая с Советским Союзом. Мао Цзэдун выступает с резкой критикой деятельности правительства **Никиты Хрущева.** обвиняя последнего в проявлениях шовинизма и отступлении от курса коммунистического движения. А советский руководитель, в свою очередь, отзывает все научные кадры из Китая и прекращает финансовую поддержку КПК.

В эти же годы КНР ввязывается в корейский конфликт с целью поддержки лидера компартии Северной Кореи Ким ир Сена, тем самым спровоцировав агрессию США против себя.

"БОЛЬШОЙ СКАЧОК"

После завершения программы «Ста цветов», которая привела к краху сельского хозяйства и гибели от голода более 20 млн. человек, Мао Цзэдун начинает большую чистку в рядах недовольных политических и культурных деятелей. В 50-е годы по всему Китаю прокатилась очередная волна террора. Начался второй этап реорганизации государства, который носил название «Большой скачок». Заключался он в повышении урожаев всевозможными средствами. Народ призывали уничтожать грызунов, насекомых и маленьких птичек, которые негативно влияли на сохранность зерновых культур. Но массовое уничтожение воробьев привело к обратному эффекту: следующий урожай был подчистую изъеден гусеницами, что привело к ещё большим продовольственным потерям.\

ЯДЕРНАЯ СВЕРХДЕРЖАВА

В 1959 году под влиянием недовольных масс Мао Цзэдун уступает своё место руководителя страны Лю Шаоци, оставаясь при этом главой КПК. Страна начала откат к частной собственности, к уничтожению наработок прежнего лидера. Мао все это терпел, не вмешиваясь в процесс. Он по-прежнему был популярен среди простого населения страны.

В период холодной войны напряжение между Китаем и СССР усиливается, несмотря на наличие общего противника - США. В 1964 году КНР объявляет всему миру о создании атомной бомбы. А многочисленные китайские подразделения, формирующиеся на границах с СССР, вызывают сильную тревогу у Советского Союза. Даже после того, как СССР подарил Китайской Республике Порт-Артур и еще ряд территорий, в конце 60-х годов Мао затевает военный поход на остров Даманский. Напряжение на границе возрастало с обеих сторон, что привело к боям не только на Дальнем Востоке, но и на границе с Семипалатинской областью

Конфликт был вскоре исчерпан, ограничившись несколькими сотнями жертв с обеих сторон. Но такое положение дел стало поводом для создания в СССР укрепленных военных подразделений по всей границе с Китаем. Помимо этого СССР оказывал всяческую поддержку Вьетнаму, который с помощью Советского Союза выиграл в войне с США и теперь противостоял Китаю с юга.

КУЛЬТУРНАЯ РЕВОЛЮЦИЯ

Постепенно либеральные реформы

МАО ЦЗЭДУН



приводят к стабилизации экономического положения в стране, но Мао не разделяет чаяний своих противников. Его авторитет ещё высок среди населения, и в конце 60-х годов он осуществляет новый виток коммунистической пропаганды, названный «Культурной революцией». Боеспособность его отрядов по-прежнему находится на высоком уровне, Мао возвращается в Пекин. Лидер компартии делает ставку на ознакомление молодежи с тезисами нового движения. В борьбу с буржуазными настроениями части общества на стороне Мао выступает и его третья жена Цзян Цин. Она берет организацию деятельности отрядов хунвэйбинов на себя.

За годы «культурной революции» было уничтожено несколько миллионов людей, начиная от простых рабочих и крестьян, заканчивая партийной и культурной элитой страны. Отряды молодых бунтарей громили все подряд, жизнь в городах замерла. Сжигались картины, книги, произведения искусства, мебель.

Вскоре Мао осознал последствия своей деятельности, но поспешил возложить всю ответственность за происшедшее на жену, тем самым предотвратив развенчание своего культа личности. Мао Цзэдун, в частности, реабилитирует своего бывшего товарища по партии Дэна Сяопина и делает его своей правой рукой. В дальнейшем, после смерти диктатора, этот политик сыграет большую роль в развитии государства.

В начале 70-х годов Мао Цзэдун, находясь в конфронтации с СССР, идёт на сближение с США, и уже в 1972 году проводит первую встречу с американским президентом Р. Никсоном.

ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ

Биография китайского лидера пестрит обилием любовных романов и официальных браков. Мао Цзэдун вел пропаганду свободной любви и отказывался от идеалов традиционной семьи. Но это не помешало ему четыре раза жениться и завести большое количество детей, многие из которых умерли ещё в детстве.

Первой супругой молодого Мао стала его троюродная сестра Ло Игу, которая в свои 18 лет была старше юноши на 4 года. Он воспротивился выбору своих родителей и в первую же брачную ночь сбежал из дома, тем самым опозорив свою невесту.

Со второй женой Мао познакомился через 10 лет во время своей учёбы в Пекине. Возлюбленной юноши стала дочь его учителя Яна Чанцзи Ян Кайхуэй. Она ответила ему взаимностью, и вскоре после её вступления в ряды КПК они поженились. Соратники Мао по партии считали этот брак идеальным революционным союзом, так как молодые люди пошли против воли своих родителей, что в те временем еще считалось неприемлемым.

Ян Кайхуэй не только родила коммунисту троих сыновей Аньина, Аньцина и Аньлуна. Она была его помощницей в партийных делах, а во время военных конфликтов КПК с Гоминьданом в 1930 году проявила большую храбрость и верность своему мужу. Она вместе с детьми была захвачена отрядом противников и после пыток, не отказавшись от своего супруга, была казнена на глазах у своих сыновей.

Возможно, страдания и смерть этой женщины были напрасны, так как уже больше года её благоверный жил в свободном браке с новой пассией Хэ Цзычжэнь, которая была младше его на 17 лет и служила в коммунистической армии начальником небольшого разведывательного подразделения. Отважная женщина покорила сердце ветреного Цзэдуна, и вскоре после гибели его жены он объявил её новой супругой.

За несколько лет совместной жизни, которая проходила в трудных условиях, Хэ родила Мао пятерых детей. Супруги вынуждены были отдать двоих малышей чужим людям во время ожесточенных боев за власть. Трудная жизнь и измены мужа подорвали здоровье женщины, и в 1937 году китайский руководитель КПК отправил её на лечение в СССР. Там она несколько лет содержалась в психиатрической клинике. После этого женщина осталась в Советском Союзе и даже сделала неплохую карьеру, а затем переселилась в Шанхай.

Последней из жен Мао стала шанхайская артистка с сомнительной репутацией Лан Пинь. Помимо нескольких браков к своим 24 годам она имела бессчетное количество любовников среди режиссеров и актёров. Молоденькая красавица покорила Мао, выступая в китайской опере, где она играла одну из ведущих ролей. В свою очередь лидер компартии позвал её на свои выступления, где она проявила себя прилежной ученицей великого вождя. Вскоре они стали жить вместе и актрисе пришлось сменить не только имя Лан Пинь на Цзян Цин, но и своё амплуа роковой красавицы на образ прилежной тихой домохозяйки.



Мао Цзэдун со второй женой Ян Кайхуэй

В 1940 году молодая жена родила лидеру КПК дочку. Цзян Цин искренне любила своего мужа, она приняла его двоих детей от прежнего брака к себе в семью и никогда не роптала на тяжелые условия жизни.

СМЕРТЬ КОРМЧЕГО

70-е годы были омрачены болезнью «великого кормчего». Его сердце стало давать сбои. В конечном счете причиной смерти Цзэдуна стали два инфаркта, которые существенно подорвали его здоровье.

Слабость руководителя компартии уже не давала ему возможности контролировать события, происходящие во власти. За право стоять у руля развернули борьбу две группировки китайских политиков. Радикалами управляли так называемая «банда четырех», в которую входила жена Мао. Лидером противоположного лагеря был Дэн Сяопин.

После смерти Мао Цзэдуна, которая произошла в начале осени 1976 года, в Китае развернулось политическое движение против жены Мао и её подельников. Они были осуждены на смертную казнь, но для Цзян Цин сделали послабление, поместив её в лечебницу. Там она спустя несколько лет покончила жизнь самоубийством.



Мавзолей Мао Цзэдуна

Несмотря на то, что образ жены Мао был запятнан террором, имя Мао Цзэдуна осталось светлым в памяти народа. На его похоронах присутствовало более миллиона граждан КНР, а тело «кормчего» было подвержено бальзамированию. Спустя год после его смерти был открыт мавзолей, ставший для Мао Цзэдуна последним пристанищем. Более чем за 20 лет существования усыпальницы Мао Цзэдуна её посетило около 200 млн граждан КНР и туристов.

Из выживших потомков вождя КПК осталось по одному ребенку от каждой его супруги: Мао Аньцин, Ли Минь и Ли На. Своих детей Цзэдун держал в строгости и не позволял пользоваться знаменитой фамилией. Его внуки не занимают высоких государственных чинов, но один из них, Мао Синью, стал самым молодым генералом китайской армии.

Внучка Кун Дунмэй вошла в список самых богатых женщин Китая, но произошло это отчасти благодаря её состоятельному мужу, брак с которым Кун Дунмэй заключила в 2011 году.

ИНТЕРЕСНЫЕ ФАКТЫ

Состоящее из двух иероглифов имя Цзэ-дун переводилось как «Милость к Востоку». Нарекая таким именем своего сына, родители желали ему самой лучшей судьбы. Они надеялись, что их отпрыск станет нужным для страны человеком. Это в конечном счёте и осуществилось.

Оценка деятельности Мао Цзэдуна для китайского народа неоднозначна. С одной стороны, в процентном соотношении грамотных китайцев стало больше, чем в начале века. Это число увеличилось с 20% до 93%. Но массовые репрессии, уничтожение культурных и материальных ценностей, а также непродуманная политика аграрной революции 50-х годов ставят заслуги Мао под сомнение.

Благодаря «культурной революции» максимально возрос культ личности Мао Цзэдуна. У каждого гражданина КНР можно было наблюдать маленькую красную книжку изречений и цитат вождя народа. В каждом помещении на стене должен был висеть портрет Мао Цзэдуна. Историки часто связывают культ китайского диктатора с культом личности советского лидера Иосифа Сталина.

Борьба с воробьями, развернутая в конце 50-х, оставила в истории печальный опыт мнимой победы человека над природой. Маленьким птичкам с помощью специальных устройств не давали садиться на землю, заставляя их летать более 20 минут. После чего они падали обессиленные. Спустя год после уничтожения всех воробьев от голода погибло большое количество людей. Весь урожай теперь уничтожали насекомые, с которыми раньше справлялись птицы. Пришлось в срочном порядке завозить их из-за границы, чтобы восстановить равновесие в природе.



Культ личности Мао Цзэдуна напоминал культ Сталина

Мао Цзэдун никогда не чистил зубы. Его методом поддержания гигиены ротовой полости было полоскание рта зелёным чаем и поедание после этого всех чаинок. Этот народный способ привёл к тому, что все зубы диктатора покрылись зелёным налетом, но это не мешало ему улыбаться на всех фото с закрытым ртом.

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 36 (1299) 18.09.2026 Алатау

ЛАУАЗЫМ

СОТ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТШЫСЫ

Сот отырысы хатшысының жұмысы күрделі, көп салалы, сөйте тұра қызықты да. Сот процесінде хатшы жүріп жатқан істің барысын, сот процесіне қатысушылардың айтқан сөздерін хаттамаға түсіріп қана отыратын сияқты. Алайда, сот процесінің дұрыс ұйымдастырылуы, іс бойынша өзіндік айғақ саналатын сот құжаттарының, сот отырысы хаттамасының дұрыс, нақты, сауатты толтырылуы осы хатшыға байланысты. Хатшы, сонымен қатар, тараптардың сот отырысына келуін қамтамасыз етіп, азаматтық және қылмыстық істерді ресімдеп, сот актілері мен басқа да құжаттарды іс жүргізу нұсқаулығына сәйкес сатыларға жолдайды. Соттың жұмысы мен беделі көп ретте сот отырысы хатшысының жұмысты дұрыс ұйымдастыра білуіне, жауапкершілігіне, біліктілігі мен ұқыптылығына байланысты. Сондықтан сот отырысының хатшысынан асқан жауапкерпшілік, кәсібі біліктілік талап етіледі.

Айта кету керек, бүгінгі судьялардың көпшілігі өз еңбек жолдарын сот отырысының хатшылығынан бастағаны да баршаға мәлім. Ендеше қазіргі хатшылар келешекте судья мәнсабына жету үшін өзінің осы қызықты да күрделі қызметінде көп тәжірибе жинақтауға мүмкіндік алады. Мәселен, сот процестеріне қатысып, білікті заңгерлердің жұмыс тәсіліне қанығып, іс материалдарымен танысып жүрген маман қаралған даулар бойынша өзіндік талдау жасап, өзінше ой түйеді.Талапкер мен жауапкердің тарапынан екі бөлек мүддені қорғаған тәжірибелі заңгерлердің дауды өз пайдасына шешу үшін жасайтын түрлі айла-шарғыларына куә болудың өзі бір қызық.

Бүгінгі таңда еліміздің сот жүйесіне тұрақты түрде енгізіліп келе жатқан озық технологиялар сот қызметкерлерінің атқаратын жұмысын жетілдіріп, жеделдетіп, сапасын жақсарта түсуде. Сот отырысының хатшылары да өз жұмыстарын «Төрелік» бағдарламасы арқылы жүзеге асыруда. Атап айтсақ, кейінгі жылдары кіріс-шығыс хат-хабарларын тіркеу, талап-арыздар мен қылмыстық істерді есепке алу, статистикалық есептер жүргізу бойынша компьютерлік бағдарлама енгізіліп, игерілді. Бұл соттың жұмысын едәуір жеңілдетіп, тіркеу журналдары мен түрлі тапсырма қағаздарын азайтты. Бұл «Төрелік» бағдарламасы кейінде жетілдіріліп, толықтырылып отырды. Қазір әр маманның осы «Төрелік» бағдарламасы арқылы жұмыс істеуінің арқасында көп жеңілдіктерге қол жетті. Әр маман есептік статистикалық мәліметтерді өз бетінше, дер кезінде толтырып, істер бойынша тапсырмалардың орындалу барысы мен мерзімін қадағалап отыра алады.

Жадыра ЕРМҰХАМЕД,
Жетісу облысының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
соты әкімшісінің бас маманы-сот
отырысының хатшысы

МАМАН МІНБЕРІ

АЛИМЕНТ ҮШІН БОРЫШКЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақстанның Мемлекеттік әлеуметтік-құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес балаларға қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-аналардың табиғи құқығы мен міндеті болып табылады.

Алимент төлеу – бұл баламен бірге тұрмайтын ата-ана оның күтімі мен дамуын қамтамасыз ету үшін төлеуі керек міндетті төлемдер. Алайда, алимент төлеудің маңыздылығы туралы қоғамдық санаға қарамастан, біздің елдегі жағдай жақсартуды талап етеді және көптеген ата-аналар көп балалы және толық емес отбасыларды көптеген мәселелермен бетпе бет жалғыз қалдырып, алимент төлеу бойынша міндеттемелерін орындамайды.

Осылайша, борышкерлердің алимент төлемегені үшін жауапкершілігі – бұл мемлекет, қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың назарын талап ететін өте маңызды мәселе. Алимент өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізудің бұл санаты әрқашан прокуратура органдары мен жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы басшылығының ерекше бақылауында болады. Кәмелетке толмаған балаларын асырауға алимент төлеуден жалтарған борышкерлерге қатысты жеке сот орындаушылары алимент өндіріп алу туралы атқару құжатының талаптарын мәжбүрлеп орындауға бағытталған барынша қатаң ықпал ету шараларын қабылдайды.

Мәселен, сот орындаушысы "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" ҚР Заңының 32-бабына сәйкес сот орындаушысы атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

Қажет болған жағдайларда орындауды қамтамасыз етудің бірнеше түрі қолданылуы мүмкін. Қамтамасыз етудің бір түрін басқасымен ауыстыру туралы мәселені сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізу тараптарының арызы бойынша немесе өз бастамасы бойынша қарайды. Қамтамасыз етудің бір түрін басқасымен ауыстыру туралы мәселені қарау бұрын белгіленген қамтамасыз ету шараларының қолданылуын тоқтата тұрмайды.

Сондай-ақ ӘҚБтК-нің 669-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік және кәмелетке толмаған балаларды асырауға алимент төлемегені үшін ҚР ҚК-нің 139-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Тұтастай алғанда, борышкерлердің алимент төлемегені үшін жауапкершілігі балаларды әлеуметтік қорғауды және олар тәрбиеленген отбасыларды қолдауды қамтамасыз етудегі маңызды фактор болып табылады. Алимент төлемеу балаларға орны толмас зиян келтіретінін және болашақта көптеген проблемалар тудыруы мүмкін екенін түсіну керек. Сондықтан әрбір ата-ана жауапты болуы және алимент төлеу бойынша өз міндеттемелерін уақтылы орындауы тиіс. Әйтпесе, ол қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапқа тартылуы мүмкін.

Әсем АСБЕКОВА,
Жетісу облысының
жеке сот орындаушысы

ЗАҢГЕР КЕҢЕСІ

ЖҮРГІЗУШІ АЙЫППҰЛДЫҢ КҮШІН ҚАЛАЙ ЖОЯ АЛАДЫ

Жол ережесін бұзғаны үшін салынған айыппұлмен келіспеген жүргізуші оны даулай алады. Бірақ бұл үшін қайда жүгіну керек, шағым беруге қанша уақыт бар және қаулыны жоюға қандай дәлелдер негіз бола алады? Осы сұрақтарға Kazinform тілшісіне берген сұхбатында заңгер Арыс Данағатов жауап берді.



Айыппұлды төлеуге асықпау керек

Заңгердің айтуынша, айыппұлмен келіспеген жүргізуші алдымен қаулыны мұқият тексеруі керек. Құжатта құқық бұзушылықтың күні, уақыты мен орны, көліктің мемлекеттік нөмірі, жүргізуші туралы деректер мен көрсетілген бап дұрыс жазылғанына көз жеткізген жөн. Осы мәліметтердің кез келгеніндегі қате немесе сәйкессіздік шағымдануға негіз болуы мүмкін.

Келесі қадам – өз уәжін дәлелдейтін материалдарды жинау. Ол үшін бейнетіркегіш жазбасын сақтап, оқиға болған жерді, жол белгілері мен таңбаларын фотоға түсірген жөн. Ал куәгерлер болса, олардың байланыс деректерін жазып алған дұрыс.

Қайда жүгінуге болады?

ІІМ мәліметінше, қаулымен келіспеген азамат оны шығарған органға немесе сотқа шағымдана алады. Сондай-ақ өтінішті Qamqor.gov.kz сайтындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің қоғамдық секторы арқылы немесе «Е-Өтініш» жүйесімен жолдауға болады.

Арыс Данағатовтың айтуынша, тәжірибеде жүргізушілер алдымен мәселені жоғары тұрған лауазымды тұлға арқылы шешуге тырысады. Бұл – уақыт пен қаржыны үнемдеуге мүмкіндік беретін жол. Егер шағым қанағаттандырылмаса, шешімге сот тәртібімен дау айтуға болады. Мұндай іс құқық бұзушылық жасалған жердегі немесе азаматтың тұрғылықты жері бойынша сотта қаралады.

СУДЬЯ ӘДЕБІ

Бүгінгі өркениетті заманда қарапайым халықтың құқықтық санасы арта түсуіне байланысты туындай қалған дау дамайды сотқа жүгіну арқылы шешу үшін соттың табалдырығын аттаушылар саны көбей түскені баршаға аян. Соған байланысты қоғамда жиі кездесетін осындай әртүрлі даулы мәселелер бойынша қарапайым халықпен жақын жұмыс жасайтын, сот билігін жүзеге асыратын судьялар екені де белгілі.

СОТ ОТЫРЫСЫН ЖҮРГІЗУ МӘДЕНИЕТІ

Сол себепті, олардың өмір тәжірибесі бай, сөзге шешен, бұқара халыққа өз қызметін толық түсіндіре, көрсете білуі олардың басты міндеті ретінде жүктелген. Сондықтан сот отырыстарын жүргізудің жоғары мәдениеті, істің барлық мән - жайларын дұрыс анықтау, заңды шешімді дұрыс қабылдау және оны түсіндіру судья жұмысының негізгі көрсеткіші болып табылады. Судья – сот жүйесіндегі басты тұлға, өйткені сот төрелігін тікелей жүзеге асыратын да сол. Сот ғимараты, рәсімдер, заңдар – барлығы жүйенің құрамдас бөлігі болғанымен, әділдікті өмірге енгізетін – судьяның өзі. Оның адалдығы мен кәсібилігіне халықтың сотқа деген сенімі байланысты. Судьяның қызметі аса жоғары кәсібилікті талап етеді. Ол заңдарды терең меңгерумен қатар, өмірлік тәжірибеге, психологиялық төзімділікке және әділдік сезіміне ие болуы қажет. Себебі әрбір сот ісінің артында – адам тағдыры, отбасының болашағы, кейде тұтас қоғамның мүддесі тұрады. Сондықтан судья қабылдаған әрбір шешім заң талаптарына ғана емес, әділет қағидатына да сай болуы керек.

Жалпы алғанда Судья әдебі кодексін қабылдаудың негізгі мақсаты - қоғамда биліктің сот тармағының өкілдері ретінде судьялар туралы ерекше оң пікір қалыптастыруды көздейді. Сот этикасы сот отырысына қатысушылармен және сот ісін жүргізуге тартылған адамдар тобымен өзара қатынастарды реттейтін заңның іс жүргізу нормаларын сақтаумен байланысты судьяның кәсіби қызметіне ғана негізделеді. Сайып келгенде, судья сот отырысын қалай жүргізсе, азаматтардың сот жүйесіне деген сенімі сол деңгейде қалыптасады. Сот отырысының мәдениеті тұрғысынан сот отырысының уақтылы басталуынан бастап сот құжаттарын рәсімдеуге дейінгі барлық нәрсе маңызды. Сот процестерінің мәдениетін арттыру үшін соттың сыртқы жағдайының маңызы аз емес. Бұл судьялардың, прокурордың, адвокаттың істі қарауға жақсы, адал дайындығын және олардың істі терең білуін талап етеді.

Сүйсінерлігі сол, кейінгі жылдары соттар қоғамдағы шиеленісті азайту, бітімгершілікке келу, келісім институттарын дамытуға айрықша бет бұрды. Дауды сотқа дейін жеткізбеудің, сотқа дейінгі рәсімдердің алдан ала шешудің мол мүмкіндіктерін мақсатты түрде пайдалана бастады. Оны біз күнделікті процестерді судьялар «Екі тараптың татуласу мүмкіндігі бар ма?, дауды бітімгершілік жолмен шеше аласыздар ма?, «Сол үшін сіздерге уақыт қажет пе?», деген дәстүрлі сұрақтармен бастауларының өзі осыған жарқын дәлел болса керек.

Марлен КІРҚАБАҚОВ,
Жетісу облысының
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

Беттегі материалдар топтамасын дайындаған Ш.ХАМИТОВ

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК САРАЙЫНДА VI ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ РӘСІМІ ӨТТІ. ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ СПОРТШЫЛАР МЕН ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРДЫ ТАБЫСТЫ ӨНЕР КӨРСЕТУІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ. ПРЕЗИДЕНТ ОСЫНАУ ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕГЕ СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ ТАЙСАЛМАС ТАБАНДЫЛЫҚТЫҢ, ЖАНҚИЯРЛЫҚ ЕҢБЕК ПЕН МҰҚАЛМАС ЕРІК-ЖІГЕРДІҢ АРҚАСЫНДА ЖЕТКЕНІН АТАП ӨТІП, СПОРТШЫЛАРЫМЫЗДЫҢ ЕҢ БЕДЕЛДІ САЙЫСТАРДА БИІК БЕЛЕСТЕРДІ БАҒЫНДЫРА БЕРУІНЕ ТІЛЕКТЕСТІК БІЛДІРДІ.

Осыған орай, Президент Қ.К.Тоқаев Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойды, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі Ақордаға сілтеме жасап. Мемлекет басшысының Жарлығымен "спорттағы жоғары жетістіктері, сондай-ақ Бішкек қаласында VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын ұйымдастыруға және өткізуге ерекше үлес қосқаны үшін наградталды". Солардың арасында, Жетісу өңірінің мына спортшылары бар:

"Құрмет" орденімен

Базарбаев Берікбол Ибекенұлы – жеке кәсіпкер, Жетісу облысы;

Есен Ахмет Жалғасұлы – "Ұлттық спорт түрлерінен "Жетісу" кәсіпқой спорт клубы" КМҚК спортшысы, Талдықорған қаласы;

"Ерен еңбегі үшін" медалімен

Досжанов Рүстем Әмірғазинұлы – "Ұлттық спорт түрлерінен "Жетісу" кәсіпқой спорт клубы" КМҚК директоры, Талдықорған қаласы;

Ержан Ернар – "Ұлттық спорт түрлерінен "Жетісу" кәсіпқой спорт клубы" КМҚК спортшысы, Талдықорған қаласы;

Қабдолдаев Берікхан Қожегенұлы – жеке кәсіпкер, Жетісу облысы;

Реимбай Қанат Жалғасбайұлы – "Ұлттық спорт түрлерінен "Жетісу" кәсіпқой спорт клубы" КМҚК спортшысы, Талдықорған қаласы;

Сайлау Мұхаммеджан Жанбатырұлы – "Ұлттық және ат спорты түрлері орталығы" РМҚК спортшысы, Астана қаласы;

Салман Аружан Бауыржанқызы – "Олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрлері бойынша жоғары спорт шеберлігі мектебі" КММ жаттықтырушы-нұсқаушысы, Түркістан облысы;

Төлебай Жарас Айтбайұлы – "Ұлттық спорт түрлерінен "Жетісу" кәсіпқой спорт клубы" КМҚК спортшысы, Талдықорған қаласы;



Устинов Данил Алексеевич – "Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы" КММ спортшысы

Ыдырыс Жақсылық Берікболұлы – "Ұлттық спорт түрлерінен "Жетісу" кәсіпқой спорт клубы" КМҚК спортшысы, Талдықорған қаласы;

Жерлестерімізді наградаларымен шын жүректен құттықтаймыз!

ТЕННИС

«ҚАЗАҚСТАН МАҒАН ӨТЕ КӨП НӘРСЕ БЕРДІ»

US Open-2026 турнирінің жаңа чемпионы әрі әлемнің бірінші ракеткасы атанған Елена Рыбакина өзінің кәсіби спортшы ретінде қалыптасуындағы Қазақстанның рөлі туралы айтты. Бұл туралы Sports.kz жазды.

— Қазақстан маған өте көп нәрсе берді. Кәсіби турнирлерге қатысып, өзімді сынап көруге мүмкіндік алу мен үшін де, отбасым үшін де үлкен шешім болды. Ол кезде мен мектепті енді ғана тәмамдап жатқанмын. АҚШ-тағы университеттерден оқуға түсу туралы көптеген ұсыныс түскен еді. Алайда сол тұста Қазақстан теннис федерациясының өкілдері мені бір турнирде байқап қалып, жақсы нәтиже көрсеткенімді көрген еді. Олар маған сенді. Қазақстандағы көптеген адамдар да маған сеніп, осы жолда қолдау көрсетті. Мен бұған өте ризамын. Бұл — бүкіл ел үшін ортақ тарих. Мені қолдап, жақсы көріп, ең бастысы, басынан бастап маған сенген барша жанмен бірге тойлау үшін Қазақстанға оралуымды асыға күтіп жүрмін, — деді теннисші.

Елена Рыбакина — WTA рейтингінде әлемнің бірінші ракеткасы атанған Қазақстанның тарихтағы тұңғыш өкілі. US Open-2026 турниріндегі жеңісінен кейін ол ресми түрде әлемдік рейтингтің көшін бастады.



ЖАЙДАРМАН

АПТА АРАЛЫҒЫНДАҒЫ АҚПАРАТТАР

Жетісу облысында өткен жалпы жиын барысында федерацияның жаңа басшысы таныстырылып, өңірде күрес түрлерін одан әрі дамытуға қатысты негізгі бағыттар талқыланды.



Бауыржан Қиялбеков – іскер азамат, кәсіпкерлік және басқару саласында тәжірибесі бар маман, «Қолдау-Жетісу» ЖШС-нің директоры қызметін атқарады.

Жаңа төрағаның алдында балалар мен жасөспірімдер күресін дамыту, жаттықтырушылар мен спортшыларға қолдау көрсету, оқу-жаттығу үдерісінің сапасын арттыру, спорт мектептерімен байланысты күшейту және ұлттық құрама резервін толықтыратын бәсекеге қабілетті балуандар даярлауға жағдай жасау міндеттері тұр.

Жетісу облысы - еліміздегі күрес дәстүрі қалыптасқан өңірлердің бірі. Жаңа басшылықтың тәжірибесі мен ұйымдастырушылық мүмкіндігі облыстағы грек-рим, еркін және әйелдер күресінің дамуына жаңа серпін береді деп күтілуде.

Қазақстан күрес федерациясы Бауыржан Рысбайұлын жаңа қызметімен құттықтап, алдағы жауапты жұмысына табыс тілейді!

* * *

Ағымдағы жылдың 23–30 тамыз аралығында Шымкент қаласында теннистен жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының Кубогы жолындағы жарыс өтті. Еліміздің барлық облыстары мен республикалық маңызы бар қалаларынан келген ең үздік спортшылар бас қосқан бәсекеде Жетісу облысының құрама командасы шеберлік пен табандылық танытып, жоғары нәтижеге қол жеткізді.Осы байрақты бәсекеде біздің қыздарымыз Адема Альсейпулова мен Айым Қанағатова жеңімпаз атанса, Нурлслам Русланұлы күміс жүлдегер атанды. Кубок жолындағы жарысқа қыздар командасын капитан ретінде Евгений Хамнюков, ал, ұлдар ұжымын Әсет Рамазанов баптап әрі бастап барды.

Осы айтулы жетістікке орай Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Рахметұлы Есдаулетов ел намысын абыроймен қорғаған спортшылар мен олардың жаттықтырушыларын арнайы қабылдады.

Кездесу барысында өңір басшылығы спортшылар мен бапкерлер қауымын жеңістерімен құттықтап, алдағы халықаралық әрі республикалық жарыстарда жаңа белестерді бағындыруына тілектестік білдірді. Сондай-ақ шара соңында жоғарыдағы емімдері аталған спортшылар мен жаттықтырушыларға қолдау ретінде қаржылай сыйлықтар салтанатты түрде табысталды.

* * *

Дзюдодан Қазақстан кадеттер құрамасы Эквадордың Гуаякиль қаласында өткен әлем чемпионатында аралас-командалық жарыста топ жарып, тарихта алғаш рет әлем чемпионы атанды!

Финалда отандық жас дзюдошылар Бразилия құрамасын 4:3 есебімен ұтып, тарихи жеңіске қол жеткізді. Осы дүбірлі додада ел намысын 48 келі салмақ дәрежесінде абыроймен қорғаған Жетісу облысының жас спортшысы Талғатқызы Зере де жалпы жеңіске өз үлесін қосты.

Тарихи жетістікке орай Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Рахметұлы Есдаулетов әлем чемпионатының жеңімпазы Талғатқызы Зерені қабылдап, лайықты құрмет көрсетті. Салтанатты кездесуде Зере Талғатқызына 1 000 000 теңге, ал оның жаттықтырушыларына 300 000 теңге ақшалай сыйақы сертификаттары табысталды.

Өңір басшылығы спортшы мен оның бапкерлерін айтулы жеңісімен құттықтап, алдағы халықаралық жарыстарда жаңа белестерді бағындыруына тілектестік білдірді.

Алуа БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз-хатшысы.

БӘРЕКЕЛДІ !

ГОЛОВКИННІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СПОРТТАҒЫ ЖАҢА БАСҚАРУШЫ ҚЫЗМЕТІ



Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық комитетінің президенті Геннадий Головкин Ислам ынтымақтастығы спорт қауымдастығының (ISSA) вице-президенті болып сайланды, деп хабарлайды Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитетіне сілтеме жасаған KAZ.NUR.KZ.

Сауд Арабиясының Таиф қаласында өтіп жатқан ISSA-ның 15-Бас ассамблеясы аясында өткен сайлауда Геннадий Головкин 2026-2029 жылдарға арналған Атқарушы комитет құрамына Азия және Еуропа өңірлеріне жауапты вице-президент ретінде тағайындалды.

Геннадий Головкин жаңа қызметінде Азия мен Еуропадағы Ұлттық Олимпиадалық комитеттердің атынан ISSA жұмысына қатысады. Ол қауымдастықтың алдағы жұмыс бағыттарын белгілеуге, Ұлттық Олимпиадалық комитеттерге қолдау көрсетуге, спортшылар үшін жаңа мүмкіндіктер ашуға және ISSA-ға мүше елдер арасындағы байланысты нығайтуға үлес қосады.

Геннадий Головкиннің ISSA басшылығына сайлануы оның халықаралық спорт саласындағы қызметінің жаңа кезеңіне жол ашты. Ол 2024 жылдың ақпанынан бері Қазақстан ҰОК президенті қызметін атқарып келеді. 2025 жылдың қарашасында Геннадий Головкин World Boxing ұйымының президенті болып сайланған еді. Осылайша, ол Олимпиадалық спорт түрлері бойынша халықаралық федерацияны басқарған тұңғыш қазақстандық атанды.

ДЗЮДО

ОН ЕКІ МЕДАЛЬ ҚОРЖЫНҒА САЛДЫ

2026 жылдың қыркүйек айының 11-12-сі күндері Қонаев қаласында дзюдодан 2010-2011 жылы туған жасөспірімдер арасында А.Т.Торгаутовты еске алуға арналған ашық республикалық турнир өтті.





Бұл жарыста «Ж.Ушкемпіров атындағы Талдықорған қаласындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқушылары тамаша табысқа жетіп, он екі медальды қанжығаға байлады.

Атап айтсақ, Бақыт Мансур 60 келі салмақта, ал Абылай Қызыржанұлы 73 келіде атой салып, чемпион атанса, Нұржан Ануарбеков, Мәдина Жолбарыс, Турача Абдывайтова ақтық айқаста ғана қарсыластарына жол беріп күміс медальды қанағат тұтты. Сонымен қоса, Мәди Ахмет, Гүлім Ақжул, Маржан Алмабаева, Айнара Рыскелді, Дәулет Даулетхан, Меруерт Әділжан, Ерасыл Қыдырәлі өз салмақ дәрежелері бойынша жеңіс тұғырының үшінші сатысына көтеріліп, қола медальға қол созды.

Айман СЕРІКҚҰЛОВА,
мектеп-интернат-колледжінің әдіскері

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

ПИЯЗ ДЕНСАУЛЫҚҚА ӨТЕ ПАЙДАЛЫ



Пияздың құрамында органикалық қышқылдар, суық тиюден қорғайтын фитонцидтермен эфир майлары, кемпферол, амин қышқылдары, глюкоза, микроэлементтер, B1, B2, B6, PP, E дәрумендері, С дәрумені көп, микро және макроэлементтер бар: бор, кобальт, марганец, молибден, мыс, никель, рубидий, фтор, хром, фосфор, кремний, натрий, калий, кальций, магний, темір, хлор, күкірт (ол өткір иіске жауап береді), флавоноидтар және өсімдік гормоны глюкинин (қандағы қант деңгейін төмендетуге арналған табиғи өнім) - бұл көкөністің адам денсаулығына тигізер пайдасының өте көп екендігін көрсетіп отыр. Сондықтан біз дәстүрлі медицина емес, халық медицинасынан алынған пияздың пайдалы жақтарын оқырманға ұсынып отырмыз.

Әйелдер ауруына –миома, киста,эндометриоз, етеккір кезінде ауыру сияқты ауруларға пияз қайнатпасы өте пайдалы. 1 пиязды 200гр.суда ақырын отта 10 минут қайнатып, суын жылыдай күніне бірнеше рет бөліп ішеміз. Бір апта немесе 10 күн ішуге болады.

• - Пияз сонымен қатар, артық майды кетіргіш болып табылады. Тіпті, пияз қолданылатын арнайы диета да бар, оның барысында күн сайын пияз сорпасын ішуге кеңес беріледі.


• -Ара шақса, пиязды пайдаланыңыз. Себебі пияз ара уының уытын басады. Ол үшін сіз ара шаққан жерге пияз шырынын тез арада басыңыз.

• Құлақ қабынуы кезінде де ауырсынуды жеңілдету үшін пиязды қолдануға болады екен: майдалап туралған, буға қыздырылған, дәкеге оралған пияздан күніне 3 рет жарты сағатқа құлаққа компресс қою керек. Мұндай компресс абсцесске, қабынуға және ұзақ емделетін жараларға да қолданылады.

• Жаңа сығылған пияз шырыны - бұл ревматикалық ауырсыну, ісіну, шаштың түсуі, теміреткі, қайызғаққа қарсы тамаша ем. Ол үшін қажет аймақты пияз шырынымен ысқылау керек.

• Дәрігерлер пиязды жақсы адаптоген деп санайды, себебі сағат белдеуінің ауысуына бейімделуге көмектеседі. Бұл туралы, ең алдымен, ұшқыштар мен бортсеріктер үшін білген пайдалы. Әрине, талғампаз, жымиған бортсеріктен пияздың иісі шығып тұратындығын елестету мүмкін емес. Бірақ рейс аяқталып, демалуға уақыт бар болса, неге мұндай қарапайым және тиімді әдісті қолданбасқа?

ЕСКЕРТУ! ***Қарсы көрсеткіштер де бар: панкреатит, асқазан және ішек жарасы, жүйке жүйесінің қозғыштығы бар адамдарға пиязды көп мөлшерде жеуге болмайды. Бүйрек және бауыр, жүрек аурулары бар адамдар ауруын ушықтырып алмас үшін пиязды абайлап жеу керек.***



Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші
Құралай МУСАНОВА - корректор-журналист
Гүлшат БІЛІСБАЙҚЫЗЫ – дизайнер-беттеуші
Айнаш БИЯХМЕТОВА – дизайнер-беттеуші

Кезекші редактор: Қ. Мусанова

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000
Тапсырыс № 856

Индекс 15534